



ШЫНАЙЫ АҚПАРАТ ЖОҚ ЖЕРДЕ ШЫНДЫҚ БҰРМАЛАНАДЫ



«Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заңның қабылданғанына 6 жылдан асса да оның қолданылуында әлі де түйткілді мәселелер жеткілікті. Онда ақпаратқа қол жеткізу ұғымына – мемлекет кепілдік берген, ҚР Конституциясы бекіткен, ақпаратты заңмен тыйым салынбаған кез келген тәсілмен әркімнің еркін алу және тарату құқығы деген анықтамаға ие болса да, құзырлы органдар тарапынан БАҚ өкілдерінің қызметіне қысым көрсетуге тырысатындар бар. Журналистер мен қоғам белсенділері тарапынан көп айтылатын сын-ескертпенің бірі – интернет-ресурстарда ақпарат орналастыруға қатысты. Ол 16-бапта жан-жақты қарастырылған. Онда ақпарат иеленушілердің интернет-ресурстар құратыны және бұл интернет-ресурстарда орналастыруға тиіс ақпараттың тізбесі де көрсетілген.

(Соңы 3-бетте)

Баспасөз – 2022



Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета», «Заң», «Фемида» басылымдарына жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғымыз келеді. Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға

«Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

✓ «Заң газеті» жеке тұлғалар үшін – 65921 заңды тұлғалар үшін – 15921

✓ «Юридическая газета» жеке тұлғалар үшін – 65928 заңды тұлғалар үшін – 15928

✓ «Заң» журналы – 75849 ✓ «Фемида» – 75858

Байланыс телефоны: 8 701 276 8989

✉ zanreklama@mail.ru

ЗАҢ ЖОБАСЫ



ОТАНДЫҚ БИРЖА БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ МЕ?

Біздің шенеуніктер нарықтық экономика заңдылықтарын мойындағысы келмей ме, әлде оны зерделеуге біліктілігі жетпей ме? Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында талқыланған «Кейбір заңнамалық актілерге биржалық сауданы дамыту және жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы осындай екі ұдай сұрақ тудырды.

Жалпы, заң жобасы заңнамалық базаны халықаралық талаптар мен стандарттарға сәйкес келтіру, сондай-ақ орнықты және бәсекеге қабілетті отандық биржалық саланы қалыптастырып, дамыту мақсатында әзірленіпті.

(Соңы 3-бетте)

ТҮЙТКІЛ

АЛҒАЛЫҚТАР МАЛ АУРУУЫНА АЛАҢДАУЛЫ

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ АЛҒА АУДАНЫНЫҢ БЕСТАМАҚ АУЫЛЫНДА МАЛДАН БЕЛГІСІЗ АУРУ АНЫҚТАЛДЫ. ТҰРҒЫНДАРДЫҢ СӨЗІНШЕ, ДЕРТ ЖҰҚТЫРҒАН ТӨРТ ТҮЛІК АУЗЫ-МҰРНЫНАН СІЛЕКЕЙІ АҒЫП, ӘЛСІЗДІКТЕН ЖҮРЕ АЛМАЙ ҚАЛЫП ЖАТЫР. ЗЕРТХАНАЛЫҚ ТЕКСЕРУ БАРЫСЫНДА ОНЫҢ ИНФЕКЦИЯЛЫҚ АУРУ ЕКЕНІ БЕЛГІЛІ БОЛДЫ.

Алға ауданының Бестамак ауылында мал арасында белгісіз ауру анықталып, қан сынамасы зертханаға жіберілді. Тексеру барысында оның инфекциялық ринотрахеит екені анықталды.

– Бұл ауа арқылы жұғатын инфекциялық ауру. Мұрнынан сілекей ағады. Алғашында 7, кейін 35 бас мал ауырды. Оларды оқшаулап, емдедік. Бірақ аусыл емес, – деді облыстық ветеринария басқармасы басшысының орынбасары Иса Базаров.

Қазір жергілікті мал дәрігерлері егу жұмыстарын

жүргізіп, ауру ошақтарында залалсыздандыру жұмыстарын жүргізген. Тұрғындар мал арасында аусыл тарады ма деп қауіптенеді. Дегенмен, мамандар қауіптенуге еш негіз жоқ екенін айтады. Тіпті, халықтың күдігін сейілту үшін ауру ошағы тағы анықталған жағдайда зертханаға қосымша қан сынамасын тағы да жібермек.

Облыс фермерлері жүкпалы ауру таралмау үшін ауылды жабу керек деген пікірде.

(Соңы 2-бетте)



АҚПАРАТҚА ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ДЕҢГЕЙІ ҚАНДАЙ?

Нүркен АЙТЫМБЕТОВ, Философия, саясаттану және дінтану институтының аға ғылыми қызметкері:

– Саясаттанушы ретінде де Қазақстандағы ақпаратқа қолжетімділік мәселесі өте өзекті тақырып деп ойлаймын. Оған цифрлық технологиялардың дамуы түрткі болып отыр. Мемлекетімізде 2017 жылдан бастап Тұңғыш Президент Н.Назарбаевтың тапсырмасымен қоғамның барлық саласына цифрлық технологияларды белсенді ендіру жобасы жасалды. Сондай-ақ, сол кездегі Үкімет басшысы Бақытжан Сағынтаевтың басшылығымен «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы қабылданды. Бүгінгі таңда жиі сөз болып жүрген 5G интернетін енгізу соның бір көрінісі. Көп тілді білетін адам қазір интернеттен кез келген елдің ақпаратын ала алады. Жалпы, бізде халыққа ақпарат қолжетімді деуге болады.

Мемлекет басшысының «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыруда ақпараттық қолжетімділікті қамтамасыз етудің алар орны ерекше. Биыл «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заңның қабылданғанына 6 жылдан асты. Сондықтан заңның орындалуы қаншалықты жүзеге асып жатқаны туралы қоғам өкілдерінің пікірін білген едік.

зу мәселелері жөніндегі комиссия туралы ережені бекітеді; ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын, мемлекеттік органдардың ашық деректерінің бірыңғай тізбесін бекітеді; жыл сайын, 1 маусымнан кешіктірмей

Толғанай ТӘУЕКЕЛОВА, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доктаранты, әлеуметтанушы:

– Ақпараттық қолжетімділік мәселесіне біздің елімізде ең алдымен Ата Заңда кепілдік берілген. Ал «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заң ақпаратты заңмен тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін алу және тарату жөніндегі әркімнің конституциялық құқығын іске асыру нәтижесінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді. Мәселен, 6-1-бапта ҚР Үкіметінің ақпаратқа қол жеткізу саласындағы құзыреті көрсетілген. Яғни, ақпаратқа қол жеткізу саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады; ақпаратқа қол жеткі-

(Соңы 3-бетте)

ТӨРАҒА ЕЛ ІШІНДЕ



Ақмола облыстық сотының төрағасы Досжан Әмір Бурабай ауданына барып медиаторлармен, Билер кеңесінің мүшелерімен кездесті. Сондай-ақ, аудандық соттың ұжымымен жүздесіп, сот ғимаратында азаматтарды қабылдады.

Төраға Бурабай ауданының белсенді медиаторлары Құлжан Төкөбаева, Шолпан Отарбаева, Райхан Кахарманова, Қуаныш Нұржановқа, аудандық Билер кеңесінің мүшелері Виктор Лешин, Өтелбай Бейсеновке өңірдегі медиация институтының дамуына қосқан ерекше үлесі үшін Алғыс хат табыс етті. Бурабай ауданында 4 кәсіпқой, 33 кәсіпқой емес медиатор тіркелген, сонымен бірге, Билер кеңесі де жүйелі жұмыс істейді. Д.Әмір олармен кездесуде пандемия кезінде медиаторлар жұмысының айтарлықтай азаюын атап өтіп, медиация институтын насихаттау және сотқа дейінгі, соттағы азаматтарды татуластыру бойынша белсенді жұмыс істеуге шақырды.

2021 жылдың 10 айында Бурабай аудандық сотында медиацияны қолданумен 364 іс қаралған (18,4%). 2020 жылы осы кезеңмен салыстырғанда көрсеткіш тек қана 0,3%-ға өскен (323 іс немесе 18,1%).

Д.Әмір аудандық сот ұжымымен жұмыс кеңесінде сот жұмысының сапасын көтеру, сот ісін жүргізудегі мемлекеттік тілдің дамуы, электрондық технологиялардың қолданылуы, БАҚ-пен өзара іс-қимыл мәселелерін талқылады.

Ақмола облыстық сотының төрағасы азаматтарды қабылдау кезінде заң нормаларын қолдану мен сот шешімдеріне шағымданудың тәртібін түсіндірді.

Ақмола облыстық сотының баспасөз қызметі

АЛҒАЛЫҚТАР МАЛ АУРУЫНА АЛАҢДАУЛЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Жергілікті тұрғындар ауырған малды сойып, жеп жатыр. Оны өздері де мойындап отыр. Мұны тоқтату керек. Мал арасындағы ауру қазан айының соңында таралды. Сол кезде облыс әкімінің орынбасарына хат жазып, Алға ауданының Бестамақ, Қызылту, Бескоспа ауылдары мен Хромтау ауданының Мағаджан ауылына блокпост қойып, малдың қозғалысына шектеу қоюды сұрадым. Өйткені, ол басқа ауылдың малдарына да таралады. Қазір Алға ауданының Қарақұдық, Темір ауданының Ақсай, Мұғалжар ауданының Талдысай ауылындағы шаруалар малдарының ауырып жатқандарын айтып жатыр. Тіпті, қорада тұрған мал да ауырып жатыр. Мұны тоқтату керек,– дейді «Ақтөбе фермерлік орталығы» қауымдастығының жетекшісі Марлен Баймағанбетов.

Мамандар бұл індеттен малға да, адамға да қауіп жоқ деп отыр. Олар жағдайдың бақылауда екенін айтады. Ақтөбе облыстық ветеринария басқармасының басшысы Кеңес Қанатбаев әзірге тек Алға ауданының Бестамақ ауылында ғана шектеу шараларын енгізу қарастырылып жатқанын айтты.

Жансая ЕСМАҒАНБЕТОВА
АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ

БАНК ДАУЛАРЫ ҚАЙТСЕК АЗАЯДЫ?



А.ДУСИМОВА,
Жаңаөзен қалалық сотының судьясы

Банк даулары сот тәжірибесінде ең жиі кездесетін өзекті мәселенің бірі болып табылады. Осы орайда, сотқа арызды көп жағдайда банктер мен қаржылық ұйымдар беретінін атап өтуіміз керек. Олар көбінесе азаматтардан банк қарызын өндіру, банк кепілінде тұрған жылжымайтын мүлікті өндіру бойынша талап арыз түсіреді. Арасында банк келісімшарттарын жарамсыз деп тану туралы бірлі-екілі азаматтан түсетін арыздар кездеседі. Бірақ олар өте сирек. Әсіресе, соңғы жылдары жеке азаматтардың интернет желісі арқылы қысқа мерзімді, жылдам әрі оңай рәсімделетін кепілсіз несие алуы етек алып барады.

Сот тәжірибесін сараптай отырып, береше-

гін уақытында төлемегені үшін ісі сотқа түскен азаматтарға қарап, мынадай пайым жасауға болады. Біріншіден, жеңіл несие берушілер азаматтарды қызықтырудың жолын біледі, жарнамалары алыстан көз тартады. Қаржы керек азаматтар мұндай жарнамаларға бірден сенеді. Екіншіден, қаржы ұйымдарының несие беру шарттары өте жеңіл, талаптары төмен. Қолында тек қана төлқұжаты бар азаматтың өзі несиеіні еш қиындықсыз жедел рәсімдей алады. Тіпті, бүгінде жаңа технологияның арқасында шағын несиеіні интернет арқылы қашықтан рәсімдеуге де жол ашық. Үшіншіден, өзінің қаржылық мүмкіндігін ескермей, қарыз алатындар келісімшартты оқып, алған ақшасын қанша пайызбен қайтаратынына да мән бермейді. Тек қарызды төлейтін уақыт келгенде ғана өзінің тұтылғанын біліп, сан соғып қалып жатады.

Жалпы, несиеге жеңіл қарайтындар жиілеп барады. Ал қарыз күліп келгенімен, жылап қайтатынын бабаларымыз баяғыда айтып-ақ кеткен. Оның үстіне, банктер мен қаржы ұйымдары азаматтарға қарызды жаны ашығаннан, қайырымдылық ретінде бермейтіні түсінікті. Олар ел заңнамасына сәйкес ақшаны несиеге беріп, үстемесімен қайтаруды көздейді. Сондықтан, банктер мен қаржы ұйымдарынан несие рәсімдер кезінде «жеті рет өлшеп, бір рет кескен» жөн.

Әрине, банктерде несие берер алдында азаматтың қаржыны қайтару мүмкіндігі толық ескеріледі. Ал жедел несиеінің салдарын зерттеп жатқандар аз. Өкінішке орай, азаматтардың қарызға белшесінен батуына осы жедел несие беретін қаржылық ұйымдар себепкер. Қаржылық тетікті халықтың дұрыс түсінбеуі

даудың көбеюіне ықпал етеді. Сондықтан, сот тәжірибесінің негізінде онлайн-несие қызметіне зерттеу жүргізіп, осы саланы заңдық тұрғыдан реттеу кезек күттірмейді. Азаматтардың құқығын жан-жақты қорғау үшін судьяларға да бұл бағытта көп іздену қажет-ақ.

Онлайн-несие қызметінен туындаған даулар бойынша қаралған істер баршылық. Бір байқалатыны, қарыз берушілер несие рәсімдегендерден артық пайда табу мақсатында негізсіз жоғары көлемде сыйақы мөлшерлемесін және тұрақсыздық айыбын талап еткен. Сондай-ақ, жиі кездесетін шағымдардың тағы бір түрі қарыз алушылардан түседі. Мұндайда электронды түрде несие сомасын алған азаматтар кейін оны мойындамай сотқа жүгініп жатады. Бірақ қазіргідей заманауи технология дамыған заманда қаржы ұйымдарынан жіберілген хабарлама кодты тұтынушының алған, алмағанын, банк карточкасына түскен соманы қай уақытта, кімнің алғанын білу өте оңай. Сондықтан қаржы ұйымына өз аяғымен бармағанын желеу етіп жауаптылықтан қашу мүмкін емес.

Біз мойындайтын бір шындық – ол азаматтардың құқықтық сауатын көтермей, банк дауларын азайту мүмкін емес екендігі. Өз кезегінде, соттар банк дауларына қатысты өз тәжірибелерімен үнемі бөлісіп, халықты қателіктен сақтандыруға барынша тырысып келеді. Қорыға айтсақ, қоғамды сауаттандыру жұмысынан ешкім шет қалмауы керек. Ең бастысы, азаматтар өз қаржысын дұрыс есептеп, өз мүмкіндіктерін түсіне алған жағдайда ғана жеңіл несиеге ұрынып, сан соғып қалмайтыны белгілі.

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

ҚҰҚЫҚ

ЖЕКЕШЕ ҚАУЛЫ ШЫҒАРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Соттың жекеше қаулылар шығару практикасы сот төрелігі органы қызметінің өте маңызды бөлігі болып табылады, өйткені ол заңдылықты сақтаудың, адам құқықтары мен бостандықтарының бөлінбейтіндігін мойындаудың, құқықбұзушылықтардың алдын алудың, мемлекеттік органдардың және лауазымды тұлғалардың қызметіндегі кемшіліктерді ашудың және жоюдың тиімді құралы болып табылады.

Әкімшілік құқықбұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізу шеңберінде жекеше қаулы шығару институты ӘҚБтК-нің 829-19-бабында көзделген, онда заңдылықты бұзу жағдайлары анықталған, сондай-ақ әкімшілік құқықбұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлар анықталған кезде сот жекеше қаулы шығарады және тиісті ұйым мен лауазымды адамдарға оларды жою жөнінде шаралар қабылдау туралы ұсыныс енгізеді. Бұл ретте ұйымдардың басшылары мен басқа да лауазымды адамдар жекеше қаулыны алған күннен бастап бір ай ішінде қарауға және қабылданған шаралар туралы жекеше қаулы шығарған сотқа хабарлауға міндетті.

Соттардың жекеше қаулылар шығару жөніндегі қызметі бірінші кезекте әкімшілік құқықбұзушылық туралы істерді қозғауға және қарауға уәкілетті мемлекеттік органдардағы әкімшілік практиканың жай-күйін әкімшілік заңнаманың талаптарына сәйкес келтіруге бағытталған.

Әкімшілік құқықбұзушылық туралы істі сотта қарау кезінде анықталған, сотқа дейінгі іс жүргізу барысында жол берілген құқықбұзушылықтарды жасауға ықпал ететін мән-жайлар жекеше қаулыларды шығаруға негіз болды.

Сонымен қатар, егер сот оны қажет деп тапса, басқа жағдайларда да жекеше қаулы шығаруға құқылы. Сот жекеше қаулы шығаруға тиісті құқық бұзушылықтарды қабылдау үшін қажетті өкілеттіктер берілген кез келген органның, ұйымның, лауазымды адамның атына, сондай-ақ заңбұзушылықтарды жою жөнінде және олардың қайталануына жол бермеуге бағытталған қаулы шығара алады.

Мәселен, әкімшілік құқықбұзушылық туралы істерді қайтару институтының болмауы, елеулі кемшіліктер, әкімшілік құқықбұзушылық туралы хаттама және істі қарауды қиындатын немесе мүмкін етпейтін басқа да мән-жайлар анықталған кезде, сотқа



Асқар БИСЕНҒАЛИ,
Хромтау аудандық сотының судьясы

әкімшілік құқықбұзушылық туралы хаттаманы жасаған лауазымды адамның кемшіліктерін жоюға тура келеді.

Әкімшілік құқықбұзушылық туралы істер бойынша сот қабылдаған жекеше қаулылардың басым көпшілігі осы істер бойынша іс жүргізу рәсіміне үлкен наразылықтар себебінен шығарылды.

Әкімшілік іс жүргізудің бұл кезеңін мемлекеттік органдар жиі елемейді. Нәтижесінде бұл жағдай істің нәтижесіне мүдделі адамдардың қатысуынсыз



істі қарауды тудырады, бұл іске қатысушы адамның өз құқықтарын заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға құқығына кепілдік беретін заңнаманың іргелі нормаларын бұзу болып табылады.

Сонымен, іс жүзінде әрбір шағым бойынша іс жүргізу процедурасының заңсыздығының негіздерінің бірі шағым берушілер істі қарауға дайындалу үшін жеткіліксіз уақыт беру туралы дәлелдер келтіреді. Көбінесе істер хаттама жасалған күні қаралады, бұл

жағдайда әкімшілік құқықбұзушылық туралы істерді қарауға құқылы лауазымды адамдар істі қарауға дайындалу үшін ақылға қонымды уақыт бермейді. Атап айтқанда, бұл дәлелдемелерді жинау, қорғаушыны немесе білікті заң көмегін көрсете алатын басқа тұлғаның өкілі ретінде қатысуға тарту үшін уақытты қажет ететін жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты.

Жекеше қаулыларды шығарудың тағы бір себебі істі сотқа қарау үшін беру мерзімдерін бұзу және соның салдарынан әкімшілік жауапкершілікке тартудың ескіру мерзімінің өтуіне байланысты іс жүргізуді тоқтату туралы шешім қабылдауға әкелді.

Көбінесе іс материалдарында істі осы үшін көзделген мерзімде сотқа қарау үшін жіберудің мүмкін еместігін куәландыратын нақты деректер болмаған, соның нәтижесінде адамды әкімшілік жауаптылыққа тарту мерзімі өтіп кеткен, бұл осы іс бойынша іс жүргізуді тоқтатуға және соның салдарынан құқықбұзушылық жасаған адамдардың жауаптылықтан кетуіне негіз болған, сондай-ақ уәкілетті органның атына жекеше қаулы шығару үшін негіз болған.

Соттың жекеше қаулысы бойынша шаралар қабылдамау, яғни лауазымды адамның соттың жеке қаулысын қараусыз қалдыруы не оларда көрсетілген



заңбұзушылықтарды жоюға шаралар қолданбауы, сол сияқты жеке қаулыға уақытылы жауап бермеуі сегіз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл түріндегі әкімшілік жауаптылыққа әкеп соғады.

Жекеше қаулылар шығару тек профилактикалық бағытта ғана емес, теріс құқықтық баға алған іс-әрекеттерді (әрекетсіздіктерді) жасаудан тартынуға итермелейтін тәрбиелік сипатта болады.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ЕЛДІККЕ ҚҰРМЕТ

Алматы қаласы бойынша ҚАЗЖ департаментіне қарасты ЛА-155/6 мекемесінде Жамбыл атындағы жасөспірімдер кітапханасының бөлім басшысы Шарайна Құмарованың қатысуымен Тұңғыш Президент күніне орай патриоттық концерттік бағдарлама өтті.

Кітапхана қызметкерлері арнайы ұйымдастырылған «Елбасы күні – елдікке құрмет!» атты көрмеге шолу жасады. Мазмұнды кітап көрмесі мекемедегі жазасын өтеуші жасөспірімдер дайындаған мерекелік іс-шараға жалғасты. Жүргізушілер екі тілде Н.Ә.Назарбаевтың өмірбаянын таныстырып еңбектеріне тоқталса, жазасын өтеуші жасөспірімдер «Қазақстан – менің елім!», «Елбасына!», «Қазақ елі!», «Отаным – Қазақстан!» өлеңдерін оқып, патриоттық әндер айтты.

Концерттің соңында қатысушыларға Елбасы туралы слайд көрсетілді. Қазақ халқының Тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаевтың өмір жолы, туып-өскен, оқып білім алған, қызмет еткен жерлері туралы мол мағлұмат берілді. Шараның басты мақсаты Елбасының өмірін үлгі ете отырып, жастарды Отанын, халқын сүюге, ержүректілікке, азаматтыққа, патриоттық сезімге тәрбиелеу болып табылады.

СӨПТЖБ бастығы, әділет майоры А.Бәзілбаева мереке күні шараға қатысқан қонақтарды, жазасын өтеушілерді Тұңғыш Президент күнімен құттықтап, іс-шараға белсене араласып, өз тарапынан жиынның жоғары деңгейде өтуіне көмек көрсетіп отырған Жамбыл атындағы жасөспірімдер кітапханасының ұжымына алғыс білдірді.

Е.ЖЕҢІСХАН,
ЛА-155/6 мекемесі

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ШЫНАЙЫ АҚПАРАТ ЖОҚ ЖЕРДЕ ШЫНДЫҚ БҰРМАЛАНАДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мәселен, 6,2-баптың 12,13-тармақшалары бойынша уәкілетті органдар жыл сайын, 1 сәуірден кешіктірмей ҚР Үкіметіне Қазақстандағы ақпаратқа қол жеткізу саласының жай-күйі туралы жылдық есептің жобасын жібереді және жылдық есепті өзінің интернет-ресурсында орналастыруы керек. Алайда, бұл есептерді олардың интернет-ресурсынан табу әлі күнге дейін қиын. Мұны заң шығарушы орган өкілдері де аңғарып, «ештен кеш жақсы» дегендей Мәжілістегі Nur Otan партиясы фракциясының мүшелері Д. Мынбай мен Ф. Қаратаев ҚР Премьер-Министрдің орынбасары Роман Склярдың атына депутаттық сауал жолдаған кезде елең еткендер аз болмады. Депутаттар ақпарат иеленушінің интернет-ресурсындағы жаңалықтар легін жаңарту күн сайын, ал өзге бөлімдерде – ақпарат алынған немесе жасалған күннен бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырылуға тиіс екенін еске түсірді. Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының мониторингі көрсеткендей, бөлімдердің көпшілігі ақпаратпен толықтырылмайды не ақпарат декларативті сипатта немесе ескі болатынын да атап өтті. Мысал ретінде, Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсының «Ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағасы» бөлімінде тиісті ақпарат жоқтығын және оның соңғы рет 2020 жылғы қарашада жаңартылғанын, Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында стратегиялық жоспар және оны іске асыру туралы есептің және мемлекеттік орган қызметінің тиімділігін

бағалаудың қорытындылары жоқ екенін айтты. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсындағы «Статистикалық салалық деректер» бөлімінде тиісті ақпарат жоқтығын және оның орнына әзірленген нормативтік құқықтық актілер жобалары орналастырылғанын, деректердің толықтырылмауы «Электрондық үкімет» веб-порталында да байқалғанын, ашық үкімет компоненттерін пайдаланушылар қалдырған пікірлердің жауапсыз қалатынын немесе оларға сырғытпа жауап берілетінін де сынға алды.

– Біздің ойымызша, қажетті, объективті және шынайы ақпараттың болмауы шындықтың бұрмалануына әкеп соқтырады. Сондықтан, жұртшылық үшін, оның ішінде БАҚ қызметкерлері үшін объективті ақпаратқа қол жеткізу жеңіл, тез және тиімді болатын жағдайлар жасау маңызды. Бұл кез келген өркениетті қоғам үшін және біздің еліміз үшін өзекті болып табылады. Оның үстіне, Мемлекет басшысы мемлекеттік органдардың цифрлық трансформациясын бюрократиямен, сыбайлас жемқорлықпен және тиімсіздікпен күрес құралы ретінде қарау керектігін ескертіп, үкіметке «Атамекен» ҰКП-мен бірлесіп, көрсетілетін барлық мемлекеттік қызметтерге тексеру жүргізуді және оларды цифрлық онтайландыруды қамтамасыз етуді тапсырған болатын, – деген депутаттар ақпаратқа қолжетімділік жағдайын жақсарту мақсатында Үкімет басшысының орынбасарынан мынадай ұсыныстарды қарауды сұрады: 1) Келтірілген мысалдар бойынша талдау жасалынып, алдағы уақытта заңсыздықтарға жол бермеу меха-

низмі қарастырылсын; 2) Заңның 6,2-бабына сәйкес ақпаратқа қол жеткізу саласындағы уәкілетті орган министрліктер мен басқа квазимемлекеттік субъектілердің қызметіне мониторинг және ведомствоаралық үйлестіру бойынша жұмысын БАҚ-та және әлеуметтік желілерде ұдайы жариялап отырсын; 3) Интернет-ресурстарда және «электрондық үкімет» веб-порталында деректерді жаңарту үшін мемлекеттік органдардың іс-қимылдарының барынша ашықтығын қамтамасыз ету; 4) Мемлекеттік органдардың ақпаратқа қол жеткізу саласындағы қызметін қоғамдық кеңестердің бақылауға алуы.

Мемлекет басшысы да биылғы жолдауында: «біз үшін ең маңыздысы – әр азаматтың Тәуелсіздік игілігін сезіне алуы. Оның басты көрінісі – елдегі бейбіт өмір, қоғамдағы тұрақтылық пен тыныштық. Сондай-ақ, халықтың тұрмыс сапасының жақсаруы және жастардың болашаққа нық сеніммен қарауы» деген болатын. Халық үніне құлақ асатын мемлекет құруда ақпаратқа қол жеткізу құқығының орындалуы маңызды рөл атқарады. Сондықтан Президент жолдауында көтерілген мәселелердің оң шешімін табуында интернет-ресурстарда орналастыруға тиіс ақпараттың заңдылығы, ақпарат иеленушілер қызметінің ашықтығы мен айқындығы; анықтығы мен толықтығы; өзектілігі мен уақытылы орындалуының атқаратын қызметі зор. Бұл істе әзірге тек ақпарат иеленушілердің ашықтығы ғана жеткіліктісін болып тұр.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ДЕНСАУЛЫҚ

«ОМИКРОННАН» САҚТАН!

3 желтоқсаннан бастап ҚР бас санитар дәрігері Ерлан Қиясовтың жаңа қаулысы күшіне енеді. Ол қаулы әлем елдерінде тарап жатқан коронавирустың «омикрон» инфекциялық жаңа штаммына қатысты. Құжатта Қазақстанға шетелден әуерейстермен келетін адамдарды қабылдаудың тәртібі бекітілген. Ол тәртіп бойынша ковид-19-ға қарсы вакцинациялаудың толық курсының бар-жоғына қарамастан Израиль, Чехия, Нидерланд, Ұлыбритания, Италия, Германия, Австралия, Канада, Бельгия және Египет елдерінен келген азаматтар ҚР Мемлекеттік шекарасын кесіп өткен сәтте мерзімі 72 сағаттан аспайтын ПТР анықтама көрсетуге міндетті. Ал халықаралық транзитпен өтетін жолаушыларға транзиттік аймақтан шығуға тыйым салынады. Сондай-ақ, 14 күн ішінде Австралияға, Бельгияға, Ұлыбритания, Италия, Германия, Канада, Бельгия және Египет елдерінен келген адамдар 7 күн бойы үйде оқшауланады. Бұл құжат 2021 жылдың 3 желтоқсан 00.00-ден бастан күшіне енді.

Қазақстанда бүгінгі таңға дейін бұл штамм бойынша деректер анықталған жоқ. Дегенмен, сақтықта қорлық жоқ. «Бүгінде вирусты секвенациялау жалғасып жатыр. Біз бұл жұмысты ай сайын тұрақты жүргізіп келеміз. Үкімет отырысында аталған штаммдарды секвенациялау жұмысын жалғастыру әрі жандандыру туралы қосымша шешім қабылданды. Таяу уақытта, шамамен желтоқсанның үшінші онкүндігінде бұл процедуралардың нәтижесін білетін боламыз. Әзірше тіркелген жағдайлардан омикрон штамының ПТР тестілеуге сезімтал екендігі, оны анықтауға болатындығы белгілі. Демек, ПТР тестілеу барлық пациенттен штаммды анықтауға мүмкіндік береді. Бұл үшін вирус секвенациясына қосымша зерттеу жүргізу қажет. Бұл үлкен жұмысты қажет етеді. Шамамен 2-4 апта кетеді. Сон-



дықтан бұл жұмысты бастадық. Желтоқсанның соңында Қазақстан аумағында айналымда жүрген штамм түрлеріне қатысты толық картина қолымызда болады», – деді ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің бірінші вице-министрі Марат Шоранов.

coronavirus2020.kz сайтының мәліметінше, елде 1 желтоқсанда 753 коронавирус індеті ПТР арқылы расталып ауырғаны белгілі болған. Ал «Pfizer» вакцинасының І дозасын салдырған адамдар саны 99 186-ға жетті. Қазіргі таңға дейін елде 78 567 жасөспірім, 6 348 жүкті әйел, 14 271 бала емізетін әйел аталмыш вакцинаны салдырған. 2021 жылғы 27 қарашадағы мәлімет бойынша Қазақстанда І компонентті 8 704 029 адам вакцина салдырса, ІІ компонентті 8 042 531 адам алған.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН

ЗАҢ ЖОБАСЫ



ОТАНДЫҚ БИРЖА БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ МЕ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қазіргі уақытта Қазақстанда 19 тауар биржасы лицензияланған. Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес биржалық келісімдердің саны 2009 жылы 1119-дан 2020 жылы 48 000 келісімге дейін, яғни 50 есеге өсті. Бұл ретте, жетекші үш тауар биржасының («Астана», ЕТС, «Каспи» биржалары) биржалық сауда-саттық көлемі 2020 жылы 291,2 млрд теңгені, яғни барлық сауда-саттық көлемінің 30 пайызына жетті.

Тұрақты биржалық саланы қалыптастыру мақсатында заң жобасында тауар биржаларының екі деңгейлі жүйесін енгізу ұсынылып отыр. Бірінші деңгей бойынша сауда-саттықты биржалық тауарлармен жүзеге асыратын тауар биржалары үшін жарғалық капиталды 700 мың еселенген айлық есептік көрсеткішке дейін ұлғайту көзделсе, екінші деңгей бойынша стандартталмаған тауарлармен ғана сауда-саттықты жүзеге асыратын тауар биржалары үшін талаптар бұрынғы қалпында қалады. Яғни, жарғалық капиталдың ең аз мөлшері 300 мың еселенген АЕК көлемінде болады.

Биржалардың түрлі тармақтарға бөлінуі биржалық сауданы жетілдіруге және дамытуға серпін береді. Яғни, тек стандартталмаған тауарлармен сауда-саттықты жүзеге асыратын биржалар басқа қатысушылармен шоғырланып, қызметтер спектрін кеңейтіп, олардың сапасын жақсарту және көлемін ұлғайту арқылы өз потенциалын арттыруға тырысады.

Қазіргі уақытта тауар биржалары брокерлер мен дилерлерді аккредиттеуді, сондай-ақ сатып алушылар мен сатушылардың бір биржадан екіншісіне ауысуын қиындататын әртүрлі талаптармен өздерінің ішкі биржалық сауда ережелерін белгілейді. Бәсекелестікті және тауар биржасына тең қолжетімділікті арттыру мақсатында заң жобасында биржалық сауданың бірыңғай қағидаларын бекіту көзделген. Сондай-ақ, онда брокерлер мен дилерлер үшін дискриминациялық шарттар мен ережелерді алып тастау жөніндегі нормалар, сатып алушылар мен сатушылар үшін сауда шарттары мен рәсімдерін ауыстырмастан биржаны еркін өзгерту мүмкіндігі қарастырылған. Бұл ретте, бірыңғай қағидалармен оларға жекелеген талаптар қоя отырып, тауарлар мен сауда-саттықты секциялар бойынша бөлу тәртібі белгіленеді. Сонымен қатар, заң жобасында тауар биржасына брокерлердің жасалған келісімдерінің көлеміне қарай сараланған биржалық алым белгілеу құқығы көзделген. Бұл тұрақты сауда жүргізетін сатушылар мен сатып алушыларға биржалық алым ставкаларына жеңілдік алуға жол ашып, олардың биржалық сауда көлемін ұлғайтуға мүдделілігін арттырады.

Қолданыстағы тетіктер биржалық саудадағы жеткізушілердің жауапкершілігін көздемейді. Бүгінде кепілдік және сақтандыру қорлары тауар биржасының және осы тауар биржасында аккредиттелген брокерлердің қаржы ресурстарында қалыптастырылады. Сондықтан осы заң жобасы аясында биржадағы келісімдерді сақтандыруды енгізу мүмкіндігі қарастырылды. Бұл стандартты және қосарланған қарсы аукцион режимдерінде іске асырылатын болады.

Сондай-ақ, заң жобасында жоғарыда айтқанымыздай министрлікке ең төменгі қаржылық тұрақтылықтың шегін белгілеу бойынша құзырет беру ұсынылды. Жиын-да сұрақ тудырған осы талап болды. Бұған депутат Мұқтар Ерман назар аудартып, министрлік иеленіп отырған бұл құзыреттің адал ниетті кәсіпкерлерге кері әсерін тигізетініне алаңдаушылық білдірген еді. Өкінішке орай, заң жобасын қорғаған Бақыт Сұлтановтың айтылған мәселеге қатысты уәжі ақылға қонбады. Оның айтуынша бұл талап нақ сол адал кәсіпкерлерді қорғау үшін енгізіліп отыр екен. Яғни, мақсат – материалдық базасы төмен ұсақ биржалардың инфрақұрылымы сақадай сай биржалардың алдын орап, арзан бағамен саудаға қатысушыларды өздеріне тарту мүмкіндігіне тосқауыл қою. Бұл орайда сауда алаңында үстемдік құратын нарық заңы, бәсекелестік ережесі құзырлы орынды мүлде ойландырмаған сияқты. Осыған орай Бақыт Тұрлыханұлына Палата спикері Нұрлан Нығматулиннен біраз сын естуге тура келді. Нұрлан Зайроллаұлы министр айтқан теріс ниеттілерге тосқауыл қою үшін олардың жарғалық қорына талап қойылуы керектігін айтқан болатын. Расында материалдық базасы сақадай сай ғана биржалар саудаға қатысуға мүмкіндік алса, ең төменгі комиссия шегі деген мәселе туындамас та еді. Ама! не, айдан анық бұл жайтты Бақыт Сұлтанов басқаратын құзырлы орында зерделейтін ешкім болмаған сияқты. Жалпы, соңғы кезде осындай шала заң жобалардың Парламентке әкелінуі үйреншікті жайға айналып барады. Қуанатынын оларды әйтеуір депутаттардың көріп, кем-кетігін толтырып жататыны. Десе де, олардың белгілі бір сала бойынша мағлұматтары толыққанды бола бермейтінін ескерсек, заңнамаларда кетіп жататын кемшіліктердің аз еместігін топшылау қиын емес. Заң қате болған соң түйткілді мәселелер қалай азаймақ? Тәуелсіздігімізге отыз жыл болса да әлі осы мәселе алдымыздан шығып келе жатқаны өзекті өртейді. Аталмыш заң жиында бірінші оқылымда қабылданып, пысықталуға жіберілді. Кемшін тұстар барынша айқындалып, толықтырылса құба-құп болар еді.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

АҚПАРАТҚА ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ДЕҢГЕЙІ ҚАНДАЙ?



(Соңы. Басы 1-бетте)

Нұркен АЙТЫМБЕТОВ, Философия, саясаттану және дінтану институтының аға ғылыми қызметкері:

– Өйткені ел тұрғындары дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарынан бөлек, жаңалықтың бәрін қазір интернет желісінен оқып, танысып отыр. Осы арада ақпараттандыру саласындағы бір мәселені айта кеткен жөн шығар. Оны сарапшылар да, зиялы қауым да ұзақ уақыттан бері көтеріп келе жатыр. Бірақ ол шешілмей отыр. Бұл бірінші кезекте ақпараттық қауіпсіздікке қатысты. Қазір әлемдегі ахуалға қарасақ кейбір елдердің арасында ақпараттық соғыс жүріп жатқанын байқауға болады. Онда біздің ақпараттық кеңістіктің қауіпсіздігі жергілікті деңгейде қамтамасыз етілмегенін көру қиын емес. Неге десеңіз біздің телеарналарда ресейлік ақпарат көп таратылады. Олар заңмен қадағаланбайды.

Кейбір ресейлік ақпарат көздері күні бойы Украина, батыс мәселесін бұрмалап әсірелеп жеткізеді. Ол – Ресейде Кеңес дәуірінен қалған антиамерикалық идеология. Былай айтқанда, біз Ресейдің ақпарат кеңістігінің бір бөлігі сияқты боп отырмыз. Бізді ақпаратпен ресейлік ақпарат құралдары қамтамасыз етіп отыр. Жаңалықты ақпараттық талдаудан өткізе алмайтын оған сыни көзқараспен қарай алмайтын қоғамның көптеген өкілдері дұрыс-бұрысына қарамай бәрін түгел қабылдай береді. Ол адамды зомбиге айналдырады. Бізде қазір жұртшылық арасында Ресейді қолдап, Украинаға қарсы адамдардың кездесе бастағаны сондықтан.



Толғанай ТӘУЕКЕЛОВА, ал-Фараби атындағы ҚазҰУ докторанты, әлеуметтанушы:

ҚР Президентіне Қазақстандағы ақпаратқа қол жеткізу саласының жай-күйі туралы жылдық есепті ұсынады; көшірме жасауға немесе басып шығаруға жұмсалатын нақты шығындардың мөлшерін және оларды ақпарат иеленушіге төлеу тәртібін, сондай-ақ халықтың әлеуметтік осал топтарын көшірме жасауға немесе басып шығаруға жұмсалатын нақты шығындарды төлеуден босату тәртібін айқындайды. Былай қарағанда біздің қолданыстағы заңамада ешқандай мін жоқ. Мәселенің бәрі оның орындалуында болып тұр. Ақпараттық қолжетімділікті қамтамасыз етуде бізде жыл сайын алға жылжу байқалғанымен, оның деңгейін заманауи озық технологияның дамуымен салыстыратын болсақ, әйтпеген-ай дейтін тұстарын байқау қиын емес. Бұл мәселе Қазақстанның мемлекеттік басқару жүйесіндегі электронды үкіметті ресейлік Сбер платформасына ауыстыруға қатысты ұсыныс шыққан кезде айқын аңғарылды. Сондықтан ақпараттық қолжетімділікті қамтамасыз ету қаншалықты жүзеге асырылған деген кезде біржақты жақсы не жаман деп айтуға болмайды.

Сауалнаманы дайындаған Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ, «Заң газеті»

ВИРТУАЛДЫ МАХАББАТ ХАНШАЙЫМЫ

Түркістан об-
лысында тағы
бір көкек ана қа-
мауға алынды. Ба-
уыр еті баласын
бұрынғы күйеуіне
қалдырып, өзі әлеу-
меттік желі арқылы
ер адамдармен
танысып, оларға
өзінің қиын жағдай-
ға тап болғанын ай-
тып қарызға ақша
сұрап, талайды сан
соқтырған.



Төле би ауданының тұрғыны 2020 жылы Шымкент қаласы Еңбекші аудандық сотының үкімімен ҚР ҚК-нің 419-баптың 2-бөлігімен (Қылмыс жасағаны туралы көрінеу жалған сөз жеткізгені үшін) екі жыл мерзімге бас бостандығынан шектеу жазасымен сотты болып, 2021 жылдың шілде айынан бастап Төле би аудандық пробация қызметінің есебінде тұрады.

Түркістан облысы бойынша ҚАЖ департаментіне қарасты Төле би аудандық пробация қызметі бөлімінің есебінде тұратын көкек ана, өзін виртуалды махаббат ханшайымы санаған. Пробация қызметкерлерінің жүйелі жұмысының арқасында Юлия есімді азаматша қамауға алынды. Бұдан басқа Төле би аудандық ПҚБ-нің тексеру барысында сотталған азаматша үйінде болмауы, шақыруға келмеуі, ғаламтор арқылы танысқан жігіттерден қарызға ақша сұрап, оны кері қайтармағаны анықталған.

Төле би аудандық пробация қызметі бөлімінің есебінде тұратын Юлия жаза өтеу тәртібі мен шарттары түсіндірілгеніне қарамастан бірнеше рет, яғни әкімшілік

жауапкершілікке тартылып, белгіленген уақытта үйінде болмай, профилактикалық іс-шараларға қатысу үшін есеп беруге келмей, сот жүктеген міндеттерді орындамай жаза өтеу тәртібін қаскөйлікпен бұзғаны үшін және алдағы уақытта жаңадан қылмыс жасауының алдын алумен оның түзелу жолына түсуіне ықпал жасау мақсатында, пробация қызметінің ұсынысы қанағаттандырылып іздеу жарияланған болатын.

Төле би аудандық пробация қызметі бөлімінің бастығы әділет майоры Асқар Қамбарбаевтың айтуынша бұл азаматшаны құрықтау операциясының өзі ерекше болған екен. Асқардың өзі виртуалды махаббат ханшайымымен әлеуметтік желі арқылы танысып, оның құрбаны ретінде құрықтаған екен.

– Бұл азаматшаға Төле би аудандық пробация қызметінің есебіне алынған алғашқы күні-ақ, өзінің құқықтары мен міндеттері жайында түсіндіріліп, тәртіпке бағынбаған жағдайда бас бостандығынан шектеу жазасы алынып, қамауға алынатыны ескертілген бола-

тын. Алайда, жазаны өтеу барысында өзіне сотпен берілген мүмкіндікті тиісті деңгейде орындамай, асырауындағы бала-сынан бас тартып, ажырасу барысында туған ұлын әкесіне қалдырып кеткен. Отбасының ұйытқысы болып, баласын тәрбиелеудің орнына, әлеуметтік желі арқылы жігіттермен «тұрмыс құрмаған» жас қыз болып танысып, сөйлесе келе олардан ақша сұрап, алаяқтық жолмен ақша тауып оңай олжаға кенеліп жүрген. Сот жүктеген міндеттерді орындамай, жазадан қасақана жалтарғаны үшін Төле би аудандық сотының қаулысымен іздеу жарияланып, нәтижесінде бас бостандығынан айырылып, қамауға алынып, пробация қызметімен аудандық сотқа бас бостандығынан шектеу жазасының күшін жою бойынша ұсыныс жолданылды», – дейді А. Қамбарбаев.

Сондай-ақ, пробация қызметкерлері «бас бостандығынан шектеу жазасы тағайындалған адамдар заңға бағынғысы келмейтінін» айтады. Олар көрсетілген тұрғылықты мекенжайда тұрмайтын болып шығады. Біздің сотты болған адамдарды тексерудегі мақсатымыз, есепте тұрғандар қайта қылмыс жасап, қоғамға зиян келтірмесе екен дейміз. Осындай мақсатпен Юлия есімді азаматшаны тұрғылықты мекенжайы бойынша таба алмадық. Тіркелуге де келмеді. Сот жүктеген міндеттен жалтарғаны үшін бұл азаматшаға іздеу жарияладық. Оның ұялы телефонына хабарлассак тұтқаны көтермейді. Көршілері оның көшіп кеткенін айтты. Аудандық Полиция басқармасымен бірлесіп бұл азаматшаны іздеу операциясын құрдық. Әлеуметтік желі арқылы Юлиямен «Любимый» деген лақап атпен танысып хат алмастық. Алаяқ әйелді құрықтау үшін осындай әрекетке бардық дейді Асқар Қамбарбаев. Осындай іздестіру операциясының арқасында алаяқтың кезекті қылмысының жолы кесілді.

Әлеуметтік желінің салдарынан көптеген отбасы шайқалып жатыр. Сондықтан қоғамдағы ана, отбасы жауапкершілігі артпай бұл келеңсіздік тоқтамайды.

Раушан НАРБЕК
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

ТІЛ – ҰЛТТЫҢ ТІРЕГІ

Тіл – өз халқымыздың рухани байлығы, өткені мен болашағы. Заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтің «Ұлт болғың келсе, бесігіңді түзе» деуі тегіннен-тегін айта салған сөз емес.

Тіл – тәуелсіздігіміздің қуатты құралы, асыл ой мен парасат белгісі, елдігіміз бен бірлігіміздің нышаны. Алайда, көпұлтты мемлекетте қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесіне сай қызмет етуін қамтамасыз ету – өте күрделі мәселе. Сондықтан да, мемлекеттік тіл мәртебесіне үлес қосу әрбір қазақстандықтың міндеті. Халқымыздың біртуар перзенті Мағжан Жұмабаев: «Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болуы» дейді. Ұлтқа тілінен

қымбат ешнәрсе болмауы тиіс. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, мінезі жатыр.

Тілдерді дамыту – еліміздегі мемлекеттік саясаттың ең маңызды бағыттарының бірі. Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық салаларында қолданытын тіл болуы тиіс. Сол себепті де елде жүргізілетін барлық іс қағаздары мен құжаттар мемлекеттік тілде болуы тиіс.

Мемлекеттік тілімізді аман сақтап, ілгері дамыту үшін бірімізге ұлттық сана мен мемлекеттік идеология қажет.

А.САЛИХОВА,
Жәнібек аудандық сотының кеңсе меңгерушісі
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

МӘЖБҮРЛІ ЕҢБЕККЕ ТАРТЫЛДЫ



Пробация есебінде тұрған сотталған азамат сотпен жүктелген мәжбүрлі еңбекті орындауда.

Түркістан облысы бойынша ҚАЖ департаментіне қарасты Отырар ауданында мәжбүрлі еңбекке тартылған азамат тұрғылықты жері бойынша атқарушы органдарда тиісті жазаларын орындап жатыр.

ҚР Үкіметінің 2014 жылы 23 қазандағы 1131 қаулысына сәйкес, Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету қағидалары айқындалған болатын. Аталмыш қаулыға сәйкес, пробация есебіндегі азаматтар сот тағайындаған мәжбүрлі еңбекке тартылды.

Үстіміздегі жылдың басынан бері Оты-

рар ауданы пробация қызметі бөлімінің есебінде тұрған он екі адам сот тағайындаған мәжбүрлі еңбекті өтеді. Ал қазіргі таңда аудан әкімшілігінде 13 азамат пробациялық есепте тұрған болса, оның 12-сі мәжбүрлі еңбекті өтеп қойған. Тіркеуде тұрған бір азамат Көксарай ауыл әкімшілігінде сот тағайындаған 100 сағаттық мәжбүрлі еңбекті күніне 4 сағаттан еңбек ету арқылы өзіне берілген жазаны өтеп жатыр.

– Қазіргі таңда Отырар аудандық пробация қызметінде 45 сотталған есепте тұр. Олардың ішінде бас бостандығынан шектеуге сотталғандар – 21, 13 азамат шартты түрде сотталған, ал 10 адам белгілі бір қызметті атқару немесе белгілі бір іс әрекетпен шұғылдану құқығынан айыруға сотталған, бір сотталған азаматшаның жазасы кейінге қалдырылған. Яғни, қылмыстық кодекстің 44-бабы 1-бөлігіне сәйкес, сотталған азаматтардың жұмыста және оқуда жоқ екендігі ескеріліп мәжбүрлі еңбекке жіберіледі.

Мәжбүрлі еңбекке тартылған азаматтарға ешқандай ақы төленбейді. Керісінше өздеріне берілген жаза мерзімі бойынша еңбектерін тегін өтейді.

Р.НАРБЕК

«ҰРЛЫҚ ТҮБІ – ҚОРЛЫҚ»

Міне, тағы да бір жыл өте шықты десек болады. Биыл біздің еліміздің Тәуелсіз мемлекет болып қалыптасқанына 30 жыл. Әйтсе де, біздер заң тұрғысынан бекітілген құқықтарымызды жетік білеміз бе?

Менің ойымша күнделікті сотта қаралып жатқан істерге қарағанда аса жетік білмейтін сияқтымыз. Конституцияның 26-бабы бойынша, азаматтардың заңды түрде алған қандайда болсын мүлкін, жекеменшігінде ұстай алатындығы және меншік, оның ішінде мұрагерлік құқығына заңмен кепілдік берілетіндігі айтылған. Демек, осы сипатталған заң тұрғысынан бекітілген біреудің құқығын бұзу міндетті түрде жауапкершілікке тартуға әкеліп соқтыратындығы сөзсіз.

Өміріміздің өзгергендігіне қарамастан, қазіргі уақытта қоғамда біреудің жеке мүлкіне қол сұғушылықтан әлі арыла алмай отырмыз.

Осыған орай, тек қана биылғы жылы орын алған оқиғаларды талдап қарасақ, 46 адамға қатысты түскен 40 қылмыстық іс бойынша жауапқа тартылған 25 адам жеке тұлғаның мүлкіне қол сұққандар. Барлық қаралған істер ауыр дәрежелі қылмыстар санатына жатады. Басым көпшілігі тұрғын, қызметтік, өндірістік үй-жайға немесе қоймаға кіру арқылы жекеменшік мүлкті ұрлау ісіне қатысты.

Бұл тұрғыдан ауыр қылмыстар санатына жататын істердің өсуі ҚР Қылмыстық кодексіне (бұдан әрі ҚК) енгізілген өзгерістердің салдары екендігіне көз жеткізуге болады.

Яғни, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру және жеке адам құқықтарының қорғалуын күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылдың 27 желтоқсанындағы заңға сай енгізілген өзгерістер бойынша, тұрғын, қызметтік, өндірістік үй-жайға немесе қоймаға кіріп бөтеннің мүлкін ұрлау ҚК-нің 188-бабының 3-бөлігінің 3-тармағымен дәрежеленуге жататын болып, жазасының мөлшері бойынша мүлкі тәркіленіп, екі жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға дейін көбейтілді.

Бұл өзгерістерге дейін, дәл осындай әрекеттер жасаған қылмыскер ҚК-нің 188-бабының 2-бөлігінің 3-тармағымен дәрежеленіп, сот үкімі шығып жатса, мүлкі тәркіленіп, 3 мың АЕК дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланып еді.

Осы салыстырмалы өзгерістерге қарағанда, қазіргі уақытта үй-жайға немесе қоймаға кіріп ұрлық жасаудың салдары ауыр қылмыс ретінде ғана есептелмей, жазаның да мөлшері ұлғайғандығы анық байқалады.

Дәл осындай өзгерістер ҚК-нің 191-бабы (тонау), 192-бабы (қарақшылық) енгізілгендіктен, жасалған қылмыстар бойынша тағайындалатын жазалардың мөлшері де қатандатылды.

Бұл өзгерістерден басқа, аса маңызды жаңалықтардың бірі ол, ҚК-нің 188-1-бабымен толықтырылуы. Бұл баптың атауы «Мал ұрлау». Бұрынғы кезде мал ұрлығын жасаған қылмыскердің әрекеті болсын, үйден біреудің мүлкін ұрлау болсын, біреудің қалтасынан ұялы телефон ұрлансын, бәрі ортақ ҚК-нің 188-бабымен дәрежеленетін еді.

Қазіргі уақытта мал ұрлығы өте жиі кездеседі, сондықтан жа-



А.ТЮЛЕГЕНОВ
Бәйтерек аудандық сотының судьясы

салатын қылмыстардың алдын алу мақсатында, осы өзгерістер енгізіліп, барымтамен айналысып ұсталған қылмыскерлерді қатаң жазалауға мүмкіншіліктер туындады.

Нақты көрсетіп кететін болсақ алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобын құрып, ірі мөлшерде мал ұрлығын жасаса ҚК-нің 188-1-бабының 2-бөлігімен сотталушының мүлкі тәркіленіп, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жатады. Ал егер, қайталанып, яғни бірнеше рет тұрғын үй-жайдың, кәсіпорынның, ұйымның, мекеменің, мал қораның, қашаның немесе өзге де қойманың ауласына кірумен мал ұрлығы жасалса онда қылмыскердің әрекеттері осы баптың 3-бөлігімен дәрежеленіп, жазасы ретінде мүлкі тәркіленіп, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жатады.

Бұдан басқа, қылмыстық топ құрып, аса ірі мөлшерде мал ұрлығы жасалса, онда осы баптың 4-бөлігімен сотталып мүлкі тәркіленіп, жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Мысалы, 2021 жылы Батыс Қазақстан облысының Бәйтерек аудандық сотында ҚК-нің 188-1-бабының 3-бөлігінің 1, 2-тармақтарымен, 188-бабының 2-бөлігінің 3-тармағымен А. есімді азамат 6 жылға, оның баласы А., жиені Р., соңғы екеуінің досы А. есімді азаматтар 188-1-бабының 3-тармағының 2-бөлігімен әрқайсысы 3 жылға бас бостандығынан айыру жазаларына сотталды. Бұларды автокөлікпен тасып, мал ұрлығын қай жерден жасауға мүмкіншіліктері бар екендігін көрсетіп берген азамат М.-ның әрекеттері 28-баптың 5-бөлігі арқылы 188-1-бабының 2-бөлігінің 1-тармағымен дәрежеленіп, ол 3 жыл 6 айға бас бостандығынан айырылды.

Айта кету керек, бұл көрсетілген адамдар бұрын сотталмаған. Топ болып келісіп ұрлық жасағанда жеке қожалықтың мал қорасынан 3 бас бұзау ұрлап әкеліп, сатып жібергеннен кейін ұсталған. Яғни, келтірілген залалдың орны толтырылған. Алайда, бұған қарамастан қазіргі уақытта заңға енгізіліп жатқан өзгерістерге сай осындай қатаң жаза тағайындау нақты көзделген.

Қазіргі уақытта сот қарауына әлі де істер түсуде. Ол істерді қарау барысында сотталушылардың бас бостандықтарынан айырылу мүмкіндіктерін ескерте отырып, ұрлықтың түбі қорлық екендігін, Ата Заңымызды бұзушылар жауапқа тартылатындығын есте сақтаулары қажет деген ойдамын.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫ

БЕЗБЕН

Жаңа туған баланы анасының өлтіру мәселесінің түбі тереңде жатыр. 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 100-бабы бойынша: анасының өзінің жаңа туған баласын босану кезінде, сол сияқты одан кейінгі кезеңде психикасын күйзелтетін ахуал болған жағдайларда немесе есінің дұрыстығы жокқа шығарылмайтын психикасының бұзылуы жағдайында өлтіруі – төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға алып келеді.

Зерттеулерге қарағанда, жаңа туған балаларын өлтірген аналардың көпшілігінің психикасында ауытқушылық бар екендігі байқалған. Елімізде дәл мұндай ресми статистика жүргізілді деген ақпаратты таба алмадық.

Амалсыздан шетелдің мысалдарына жүгінуге тура келді: АҚШ-тың Мичиган штатында жүргізілген зерттеулерге сүйенсек, өз баласын туа сала өлтірген әйелдердің 52 пайызының бойынан психикалық ауытқушылық байқалған.

Үш жасқа дейінгі балаларын өлтірген әйелдердің психоактивті заттар пайдаланғаны, бұрын сексуалды немесе физикалық күш көрсетудің құрбаны болғаны анықталған. Тағы бір тобының осындай қадамға барғанына әлеуметтік жағдайының нашарлығы себеп болған. Жалпы әйелдердің баласын өлтіруі кезіндегі психикалық жағдайына тек он тоғызыншы ғасырдың орта тұсынан бастап мән берілген.

1845 жылы Ресей заңдарында әлемде тұңғыш рет жаңа туған баласының жанын алған әзірейіл аналардың психикалық жағдайын зерттеу, күдіктіге жаза тағайындау кезінде оның психикалық жағдайына байланысты жеңілдіктер жасау қарастырылған.

1988 жылдары Еуропаның көптеген елдерінде психикалық ауытқушылығы салдарынан баласын өлтіріп алған аналардың жазасын жеңілдеткен.

Психолог, педагогика ғылымдарының кандидаты Мейрамгүл Есенғұлованың айтуынша, босанған аналардың қылмысқа баруы уақытша психикалық ауытқушылықтың әсері екендігі белгілі. Қылмысқа барған аналар сол сәтте аффектілік күйде болады, яғни өздерінің іс-әрекеттеріне есеп бере алмайды. Яғни, әйелдердің босанғаннан кейін осындай қылмысқа баруы оның аффектілік жағдайда болғандығының салдары болуы көдік.

Аффектілік жағдайда адам өз-өзін басқара алмайды, өзіне-өзі иелік ете алмайды. Кез келген жүкті әйелдің бойында көңіл-күй өзгерісінің болуы қалыпты жағдай. Ал кейбір әйелдер бала туғаннан кейін жан күйзелісін бастан кешуі мүмкін. Оның себебі, болашақ анаға босанғанға дейінгі әсер еткен ішкі және сыртқы факторлардың қаншалықты деңгейде ықпал етуіне байланысты.

Ықпал еткен факторларды дұрыс



Нүргүл ГАНИҚЫЗЫ,
Нұр-Сұлтан қалалық қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының жетекші маманы

түсініп, оң шешімін таба білуге тұлғаның психологиялық ерекшелігі мен дайындығы негіз болады. Жалпы, жоғарыда айтып кеткенімдей, жүкті әйелдердің көңіл-күйінің құбылмалы болуы заңдылық. Әрбір жүкті әйел психоэмоционалды күйін үнемі бақылауда ұстап және дер кезінде қажетті маманнан кеңес алып отырса, бұндай жағдайлардың алдын алған болар едік. Сонымен қатар жүкті әйелдің психологиялық жағдайындағы өзгерістерге дәрігерлер мен айналасындағы микро ортасы назар аударуы қажет. Рас, біздің қоғамда психологқа баруды ұят санайтын, оның қабылдауына жіберсең, кемсіту, қорлау деп ұғатындар да баршылық.

Психологтың пікірінше, анасының өсіп қалған баласына қол салуы әлеуметтік жағдайларға байланысты болуы мүмкін.

Жалпы, психологияда ананың баласын жеккөруінің бірнеше себебі қарастырылады. Біріншісі – әйелдің күйеуін жек көруі. Бұл жағдайда әйел өшін баласынан алады.

Екінші себеп – ішімдікке жақын болу. Ішкен әйелдің жайы белгілі, ал егер күйеуі ішімдікке жақын болса, бала байғұс тағы да соған кінәлі болып шыға келеді.

Жаңа Қылмыстық кодекс өмірге қарсы қылмыстың үш түрін көрсетеді:

1) адам өлтіру;

2) абайсызда адам өлтіру;

3) өз-өзін өлтіруге дейін жеткізу,

көріп отырғандай, анасының жаңа

СӘБИІН ӨЛТІРГЕН АНАНЫ АҚТАУ АРТЫҚ

туылған баласын өлтіруі өмірге қарсы қылмыстардың бірі – адам өлтіруге жатқызылады. Берілген қылмыс түрінде қол сұғудың объектісі – жаңа туылған баланың өмірі болып табылады.

Қылмыстық кодекстің 100-бабында қарастырылған қылмыстың жәбірленушісі үнемі жаңа туылған бала болып табылады.

Осыған орай жаңа туылғандықтың нені сипаттайтындығын анықтау керек.

1. Жаңа туылған баланың өмірі қоғамдық қатынастардың субъектісі ретінде көрінеді және басқа ересек адамның өмірі сынды тең дәрежеде қылмыстық-құқықтық қорғанысқа жатуы тиіс.

Жаңа туылған балаға Қазақстан Республикасының Конституциясымен, көпшілікпен танылған принциптер мен халықаралық құқықтармен, Қазақстан Республикасының халықаралық келісімдерімен, Қазақстан Республикасының Отбасы кодексімен және Қазақстан Республикасының басқа нормативті-құқықтық актілерімен дүниеге келген күнінен бастап азаматтың еркіндіктері мен құқықтары тиесілі және кепілдендіріледі.

2. Объект қылмыстық жауапкершіліктің негізіне кіретіндіктен, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі берілген бабы бойынша тұлғаны жауапкершілікке тарту үшін өзінің қандай әрекеттерімен тұлға, баланың анасы, берілген объектіге зиян келтіргісі келгендігін, немесе осындай зиянды келтірудің қаупі туғандығын анықтау қажет.

Бірақ Қылмыстық кодексте «жаңа туылғанның» анықтамасы жоқ және медициналық белгілерге сүйену бізге баланың осындай жағдайын анықтауға нақты шектерді бермейді: Қылмыстың объектісі – жаңа туған сәбидің өмірі.

Қылмыстың объективтік жағы жаңа туған сәбиді әрекетсіздікпен өлтіруі. Яғни, жаңа туған сәбидің анасы шарананы шкафтың ішінде қалдырып кетті. Қылмыстың субъективтік жағы кінә тікелей қасақаналықпен сипатталады, ниеті жанама. Жаңа туған сәбидің анасы қандай зардап болуы мүмкін екенін біледі, соны тілейді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 100-бабында қарастырылған қылмыс бойынша қылмыстың субъектісі – тек 16 жасқа толған баланың анасы бола алады. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 100-бабында қарастырылған қылмыс бойынша қылмыстың субъектісі – арнайы субъект.

Ақыл-есінің дұрыстығына жатпайтын психикалық бұзылыс түсінігіне ақыл-есінің шектелгендігімен куәландырылатын психикалық аномалиялар жатқызылады, онда қылмыстық жауапкершілік басталады.

Әрине, бұл жағдайларда әрекеттерді жіктеуде сот-психиатриялық сараптаманы жүргізу қажет, ол пайда болған сұрақтарға жауаптар береді.

Мысалы, қылмысты жасау кезінде психикалық ауытқу жағдайын анықтау, өйткені баланы өлтіру біраз уақыт өткеннен кейін әйел адамның ерекше жағдайымен түсіндіріле алмайды.

Егер сот-психиатриялық сараптаманың қорытындысы бойынша ана-кісі өлтірушіні ақыл-есі дұрыс емес деп таныса, яғни ол өзінің әрекетінің нақты сипатын түсіне алмаған және өзінің әрекеттерін өзінің ұзақ мерзімді психикалық бұзылысынан немесе уақытша психикалық бұзылысының, ақыл-есінің әлсіздігінің немесе басқа психикасы

бұзылысының салдарынан басқара алмаған болса, онда ол қылмыстық жауапкершілікке тартылмайды. Оған қатысты медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылатын болады.

Осылайша, арнайы субъектінің негізгі белгілеріне жаңа туылған баланың анасы – жеке тұлға, оның ақыл-есінің дұрыстығы мен оның заңмен белгіленген жасқа толуы жатады.

Шындығына келгенде, баланың әкесі берілген қылмыстың түрінде орындаушының рөлін атқара алады деген көзқарас бар: босанудан кейін әйел ана әлсіздікті сезінеді, орнынан тұрмайды, ал негізгі қылмыстық әрекеттерді әкесі жасайды. Бірақ мәселе арнайы субъектіде.

Қылмыстық кодекске сәйкес, арнайы субъектілері бар қылмыстарда орындаушы – тек арнайы субъектінің қасиеттерін иеленуші болып табылады.

Қазіргі кезде жаңа туған нәрестенің өліміне анасынан басқа қатысушы тұлғалар да болатын жағдайлар бар, олар анамен бірге тұрушылар, оның құрбылары, туған-туыстары бола алады.

Жаңа туылған баланы анасының әлдекіммен бірге өлтіруінің жіктелуінің өзіндік ерекшеліктері бар.

Жаңа туылған баланы анасының өлтіруінің ерекше жағдайларына босанудан кейінгі және әйелдің босану кезіндегі эмоционалдық жағдайларын айтуға болады.

Арнайы субъектінің белгілеріне ие болмайтын қатысушы үшін квалификация қылмысты жасауға жәрдем берушілік ережелері бойынша іске асырылуы тиіс. Алайда мұндай шешім дұрыс емес болатын.

Ал абайсызда баланы өлтіріп алғандар Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 100-бабы бойынша жауапкершілікке тартылмайды, оған мысал келтірейік.

Шымкент қаласында екі айлық баласына дұрыс қарамауының салдарынан, дәлірек айтқанда, өзінің аналық міндеттемелеріне дұрыс қарамауынан, яғни баласын жатып тамақтандыру кезінде ұйықтап кетіп, баласы жоғарғы тыныс алу жолдарының жабылуынан қайтыс болып кеткен.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 100-бабында қарастырылған қылмыста әрекеттің мотивтері төменгі және эгоистикалық, субъектінің арам мақсаты өзінің баласынан айырылу болып табылады.

Бірақ бұл кезде анасының психозымдаушы жағдайына немесе психикалық бұзылыстарына орай жауапкершіліктің жеңілдетілуі туралы мәселе қозғалады.

ОРТАҚ МҮДДЕ

ҚҰЖАТТАР ҚАЗАҚША ДАЙЫНДАЛАДЫ



Мемлекеттік тілді дамытудың бағдарламаларына байланысты бүгінде сот жүйесіндегі мемлекеттік тілдің қолдану аясы ұдайы назарда. Тіл саясаты тиісті бағамдар бойынша қадағаланып, табанды түрде жүргізіліп келеді. ҚР Жоғарғы Сотының талдауы көрсетіп отырғандай, республика соттарының жалпы құжат айналымындағы мемлекеттік тілдегі іс қағаздарының үлесі жоғары пайызға жетіп, өткен жылдың көрсеткішімен салыстырғанда едәуір артқан. Атап айтқанда, соттардағы кіріс-шығыс, ішкі және жалпы құжат айналымындағы мемлекеттік тілдің, соттардағы қазақ тілінде қаралып жатқан істердің үлес салмағы, судьялардың және сот қызметкерлерінің мемлекеттік тілді меңгеру деңгейлері арнайы қолға алынып келеді. Мемлекеттік тілді дамыту жөнінде көптеген бағдарламалар қабылдануда, қазіргі таңда жүйелі түрде жүзеге асырылып, мемлекеттік тілдің сапасын көтеру, қолдану аясын кеңейту, сот мамандары арасында мемлекеттік тілді қолдануды дамыту, насихаттау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бүгінгі таңда мемлекеттік тілді жетік меңгерген мамандар барлық салада толық қамтамасыз етіліп келеді. Мемлекеттік тілді білуді және іс қағаздарымен жұмыс жасай алуы туралы мәселелер ескерілер болса, біршама атқарылар шаралар өзінің оң шешімін табатыны сөзсіз

Гульмира ТЕМИРГАЛИЕВА,
Орал қалалық мамандандырылған
тергеу сотының бас маманы

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

СОТ пен БАҚ ҮНДЕС

Айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызатын бүгінгідей ақпараттың қарқыны дамыған заманда мемлекеттік органдардың да заман талабына сай қызмет жасауы керек екені белгілі.Бүгінде әкімдердің, депутаттар мен мекеме басшыларының жұмысы туралы халықтың пікірі нақ осы әлеуметтік желілер есебінен қалыптасады. Уақыттың жаңа талабын еліміздегі соттар да қабылдады.

Үшінші билік саналатын сот жүйесіндегі өзгерістер мен реформалар қашан да халықтың көз алдында, қоғамдық пікірді ескере отырып өтуі тиіс. Бұл мәселеде әлеуметтік желінің дамуы ашық сот жүйесіне қолғабыс болып отырғаны анық.

ҚР судьяларының VIII съезінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Тағы бір маңызды сәт – сот тәжірибесінің біркелкілігі мен жүйелілігі. Бұл – азаматтар мен бизнестің сенім мәселесі. Қоғам ашықтығы арта түскен жағдайда соттар коммуникацияның түрлі арналары арқылы қоғамдық институттармен ашық диалогты жолға қоюы тиіс» деген болатын.



Соттардың ашық диалогқа шығуы заң мен қарапайым халық арасында алтын көпір орнатты.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының төрағасы Жақып Асанов соттардың ашықтығына, олардың бұқаралық ақпарат құралдарымен байланысын күшейтуге көп көңіл бөліп келеді. Соның нәтижесінде, соттар Facebook платформасында өз позицияларын айтарлықтай нығайтты. Осы бағытта SMART-сот IT-сот төрелігі KZ тобы тәулік бойы жұмыс істейді. Бұл топтағы жарияланымдар ескертулермен қатар судьяларға алғыс сөздерді де қамтиды. Бұл халықтың соттарға деген сенімінің артып келе жатқанының көрінісі. Сондай-ақ, Жақып Асановтың бастамасымен халыққа, заң қоғамдастығына анонимді әлеуметтік сауалнама жүргізілуде. Алынған нәтиже бойынша ескертулер мен ұсыныстар назарға алынып, сот жүйесінің қызметіне түзетулер енгізілетін болады. Осылайша, әрбір азамат еліміздің судьялар корпусының қалыптасуына өз үлесін қоса алады.

Сот жүйесінде PR-маркетингтің орны ай-

рықша.PR-маркетинг – бұл беделді қалыптастыратын бүкіл бір ғылым. Бедел – жылдар бойы қалыптасатыны анық.Ал біздің әрбір хабарламамыз, әрбір қаралған ісіміз және сот актісін түсіндіруіміз адамдардың жан дүниесінде оң немесе теріс әсер қалдырады. Осындай сәттерде ашық сот жүйесі наразылық тудыратын кез келген теріс көзқарастардан қорғай алады.

Бүгінде сот пен БАҚ арасындағы өзара іс-қимылды жақсарту бойынша объективті ұсыныстар жүзеге асып жатыр. Соның ішінде Жоғарғы Сот мерзімді түрде БАҚ-пен үйлестіруші судьялар, облыстық және оларға теңестірілген соттардың баспасөз хатшылары үшін оқыту тренингтерін өткізуде.

Ашық сот жүйесі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қарапайым халықтың құқықтық сауатын көтеруге көп көңіл бөледі. Былайша айтқанда Сот пен БАҚ ортақ құқықтық кеңістікте қызмет етеді. Бұл бір жағы құқықтық сауаттылықтың жоғарылауы болса, бір жағы әділ сот шешімдері мен халықтың соттарға деген сенімін арттырады. Ақпараттың қайнаған қазанында БАҚ-пен бірге әлеуметтік желіде жылдам әрі сенімді ақпарат беріп жүрген соттар мен баспасөз хатшыларының да еңбегі зор екенін атап өту керек. Сол себепті БАҚ пен сот арасындағы қарым-қатынас нығайып, ел игілігі жолында атқарып жатқан қызметтері арта берсін демекпіз.

Д.КУЙКАБАЕВА,
Алматы қаласы Мемлекеттік сотының судьясы

Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру көрсетілетін қызметтерін ұсынуға арналған № _____ үлгілік шарт

Алматы қ.	20__ жылғы « ____» _____
Бұдан әрі Өнім беруші деп аталатын сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді (бұдан әрі – Көрсетілетін қызметтер) ұсынатын, БСН 080940004108 Алматы қаласы Энерготімділік және инфрақұрылымдық даму басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы Су» мем-лекеттік коммунальдық кәсіпорны атынан	
_____ негізінде әрекет ететін	

_____ лауазымы, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі (бұдан әрі - А.Ә.Т.) бір тараптан және бұдан әрі Тұтынушы деп аталатын	

атынан (тұтынушының деректемелері, жеке тұлғалар үшін жеке басын куәландыратын құжат жеке сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғалар үшін бизнес сәйкестендіру нөмірі)

негізінде әрекет ететін	

_____ (лауазымы, А.Ә.Т.) Тараптар деп аталатындар төмендегілер туралы осы Шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты.	екінші тараптан,

1-тарау. Шартта пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1. Шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады: **есепке алу аспабы** – нормаланған метрологиялық сипаттамалары бар, белгілі бір уақыт аралығы ішінде физикалық шаманың бірлігін жаңғыртатын және сақтайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен суды коммерция-лық есепке алу үшін қолдануға рұқсат етілген су көлемін (ауыз су, техникалық, ағын-ды және басқа да су түрлері) көлемін өлшеуге арналған техникалық құрал;

есепке алу аспаптарын тексеру – есепке алу аспаптарының жай-күйін тексеру, оның техникалық талаптарға сәйкестігін анықтау және растау, көрсеткіштерін алу, сондай-ақ су өлшеу торабында пломбалардың бар-жоғы мен бүтіндігін анықтау үшін Өнім берушінің өкілі орындайтын операциялар жиынтығы;

есеп айырысу кезеңі – Тұтынушы көрсетілетін қызмет үшін есеп айырысу жүргі-зетін айдың бірінші күні сағат 00:00-ден бастап айдың соңғы күні сағат 24:00-ге дейін күнтізбелік бір айға тең уақыт кезеңі ретінде Шартта айқындалған;

пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасы – тараптардың келісімімен белгіле-нетін міндеттер белгісі (оларды пайдалану үшін жауапкершілік) бойынша сумен жаб-дықтау және (немесе) су бұру жүйелерінің элементтерін бөлу орны. Мұндай келісім болмаған кезде пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасы теңгерімдік тиесілілікті бөлу шекарасы бойынша белгіленеді;

су тұтыну нормасы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы заңының 27-бабы 1-тармағының 34) тармақшасына сәйкес жергілікті атқарушы орган айқындайтын нақты елді мекендегі бір адамның, жеке қосалқы шаруашылықтағы жануарлардың тәуліктік қажеттілігін қанағаттандыруға немесе суармалы ауданның бір бірлігіне арналған судың мөлшері;

суды есепке алу торабына жібермеу – Өнім беруші өкілінің сарқынды сулар-дың сынамаларын алу үшін аумақта орналасқан немесе шаруашылық қарауындағы сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің барлық элементтерінің көрсеткіштерін алу және жұмысқа қабылтітілігін тексеру, техникалық жай-күйін және қауіпсіздігін бақылау үшін суды есепке алу торабына рұқсат беруден Тұтынушының бас тартуы (келергі келтіру);

теңгерімдік тиесілілікті бөлу шекарасы – схемаларда көрсетілетін меншік, ша-руашылық жүргізу немесе жедел басқару белгісі бойынша нелері арасындағы сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің элементтерін бөлу орны;

төлем құжаты – Өнім берушінің ұсынған көрсетілетін қызметтері (тауарлары, жұмыстары) үшін төлемді жүзеге асыру үшін жасалған, соның негізінде төлем жүр-гізілетін құжат (шот, хабарлама, түбіртек, ескерту-шот);

тұтынушы – сумен жабдықтаудың және (немесе) су бұрудың реттеліп көр-сетілетін қызметтерін пайдаланатын немесе пайдалануға ниеттенетін жеке немесе заңды тұлға;

уәкілетті органның ведомствосы – тиісті табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның ведомствосы.

Осы Шартта пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Респуб-ликасының Су кодексіне және Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес қолданылады.

2-тарау. Шарттың нысанасы

2. Шарт талаптарына сәйкес Өнім беруші Тұтынушыға қызметтер көрсетуге мін-деттенеді, ал Тұтынушы ұсынылған көрсетілетін қызметтерге осы Шартта белгіленген мерзімдерде, тәртіппен және мөлшерде ақы төлеуге міндеттенеді.

3. Ұсынылатын көрсетілетін қызметтердің сипаттамалары мен берілетін судың са-пасы Қазақстан Республикасы заңнамасының, санитарлық қағидалардың, мемлекеттік стандарттардың талаптарына сәйкес болуы тиіс.

4. Шарт тұтынушымен және тәртіппен оның меншігінде немесе басқа да заңды негіздерде Өнім берушінің техникалық шарттарға сәйкес орындалған елді мекеннің сумен жабдықтау және су бұру жүйелеріне қосылған сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелері болған кезде жасалады.

5. Тұтынушыны сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелеріне қосуға ар-налған техникалық шарттарда көрсетілген көлемдерге сәйкес Тұтынушы алатын ауыз судың рұқсат етілген көлемі _____ м3/жыл, техникалық су _____ м3/жыл Тұтынушыдан шаруашылық-тұрмыстық және өндірістік сарқынды сулардың ластану құрамы бойынша оларға жақын бөлінетін _____ м3/жыл.

Ауыз суды тұрмыстық тұтыну үшін пайдаланатын және тұлға оны пайдалануға және түзілетін сарқынды суларды оған қажетті мөлшерде тастауға құқылы.

6. Қызмет көрсету режимі – тәулік бойы.
7. Кондоминиум объектілеріндегі пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасы: сумен жабдықтау бойынша – ғимаратта су құбырын енгізудегі бірінші ысырманың бөлуші фланеің;

су бұру бойынша - елді мекеннің су бұру желілеріне қосылған жердегі құдық.

3-тарау. Көрсетілетін қызметтерді ұсыну шарттары

8. Қызметтер көрсетуді тоқтата тұру мынадай жағдайларда жүргізіледі:
1) авариялық жағдай не азаматтардың өмірі мен қауіпсіздігіне қауіп-қатер төнген;
2) Өнім берушінің желісіне өздігінен қосылған;
3) есеп айырысу кезеңінен кейінгі екі ай ішінде қызметтер үшін төлемақы жаса-лмаған;

4) сарқынды сулардың сынамаларын алу үшін аумақта орналасқан немесе шаруа-шылық жүргізуіндегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің барлық элемент-терінің көрсеткіштерін алу және жұмысқа қабылтітілігін тексеру, техникалық жай-күйі мен қауіпсіздігін бақылау үшін суды есепке алу аспаптарына Өнім беруші өкілдерін бірнеше рет жібермеу;

5) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарымен негізделген құбыр жол-дарға дезинфекция жүргізу қажет болмаған жағдайда;

6) Нормативтік құқықтық актілерде және Тараптардың келісімінде көзделген басқа да жағдайларда тоқтатылады.

Осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда қызметтер көрсетуді тоқтата тұру дереу жүргізіледі. Осы тармақтың 3), 4), 5) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда Тұтынушы көрсетілетін қызметті көрсетуді ұсынуды тоқтата тұрғанға дейін кемінде бір ай бұрын ескертіледі.

9. Шарттың 8-тармағының 1) және 2) тармақшаларында ескертілген жағдайларда пайда болған бұзушылықтарды жоған кезде Тұтынушыны қосу жүргізіледі.

Шарттың 8-тармағының 3) тармақшасында көзделген бұзушылықтар үшін Тұ-тынушыға көрсетілетін қызметті ұсынуды тоқтата тұрған жағдайда, қосу борышты өтегеннен кейін жүргізіледі. Бірнеше рет ажыратылған жағдайда қосу борышты өтегеннен және қосканы үшін ақы төлегеннен кейін жүргізіледі.

10. Өнім беруші жосарлы – алдын алу жөндеуді, сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелеріне қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды, жана Тұтынушыларды Тұтынушы қосылған сумен жабдықтау және (немесе) су бұру желілеріне қосу жөнін-дегі жұмыстарды жүргізген жағдайда, Өнім беруші Тұтынушыны кемінде үш жұмыс күні бұрын қызметтерді уақытша тоқтата тұру туралы ескертеді.

11. Тұтынушының өндірістік ағынды суларын Өнім берушінің су бұру жүйелеріне қабылдау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 шілдедегі № 546 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекет-тік тізлімінде № 11932 болып тіркелген) Елді мекендердің су бұру жүйелеріне ағынды суларды қабылдау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

12. Өнім берушінің аттестатталған зертханасы орындаған талдау нәтижелері бойынша Тұтынушының сарқынды суларындағы зиянды заттардың рұқсат етілген шоғырлануы асып кеткен кезде, Тұтынушы өндірістік сарқынды суларды су бұру жүйесіне ағызуды тоқтатады және зиянды заттардың рұқсат етілген шоғырлануына қол жеткізгенге дейін ластандуды төмендету жөнінде шұғыл шаралар қабылдайды. Ластану құрамының артуына әкеп соққан себептерді жойғаннан кейін Тұтынушының өтінімі бойынша Өнім беруші сынамаларды қайта іріктеуді жүргізеді.

4-тарау. Көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу тәртібі

13. Осы Шарт бойынша ұсынылған қызметтер үшін ақы төлеу уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тарифтер бойынша жүргізіледі.
Тарифтерді өзгерту Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

14. Егер тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, Тұтынушы нақты ұсы-нылатын қызметтердің мөлшері үшін ай сайын төлем құжатының негізінде есеп айырысу кезеңінен кейінгі айдың 25-не дейінгі мерзімде төлейді. Есептік кезен бір күнтізбелік айды құрайды.

5-тарау. Көрсетілетін қызметтерді босатуды мен тұтынуы есепке алу

15. Көрсетілген сумен жабдықтау және су бұру қызметтерінің көлемі коммерция-лық есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша айқындалады.

Осы Шартпен қамтылмаған сумен жабдықтау және су бұру қызметтерінің көр-сетілген көлемін айқындау тәртібі Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2011 жылғы 26 қыркүй-ектегі № 354 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізлімінде № 7257 болып тіркелген) Сумен жабдықтау және су бұру бойынша көр-сетілген қызметтердің көлемін есептеу әдістемесіне сәйкес айқындалады.

16. Өнім берушінің су бұру жүйелеріне Тұтынушыдан бөлінген су мөлшері мына жағдайларда:

1) ыстық сумен жабдықтаудың жабық жүйесі кезінде, суық су Тұтынушыға орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйесінен келіп түскен кезде және ғимаратта екі құбырға бөлінеді: біреуі – одан әрі үйішілік суық сумен жабдықтау тарту желісіне, екіншісі – жергілікті су жылытқыш арқылы ыстық сумен жабдықтаудың үйішілік

тарту желісіне жіберілген суық судың мөлшеріне. Бұл ретте үйге ортақ есепке алу аспаптары суық сумен жабдықтау кірмелерінде пайдалану жауапкершілігін бөлу шекараларында орнатылады;

2) ыстық сумен жабдықтаудың ашық жүйесі кезінде, ыстық су орталықтанды-рылған ыстық сумен жабдықтау желісінен келіп түскен кезде-жіберілген суық су мен ыстық су мөлшері. Үйге ортақ су есепке алу аспаптары ыстық және суық сумен жаб-дықтау кірмелерінде пайдалану жауапкершілігін бөлу шекараларында орнатылады.

17. Тұтынушы қайтарымысыз пайдаланған, шығарылатын өнімінің құрамына кір-ген, суаруға сарқынды суларды бұру жүйесіне ағызылмайтын су бұру қызметтеріне ақы төлеуді есептеу кезінде ескерілмейді.

Есепке алынбаған судың көлемі технологиялық есептеулерге сәйкес анықталады.
18. Тұтынушының суды есепке алу аспабының техникалық және метрологиялық сипаттамалары су тұтынудың нақты көлеміне сәйкес келуі тиіс.

Өнім беруші Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 тамыздағы № 621 бұйрығымен бекітілген Сумен жабдықтау және су бұру жүйелеріндегі суды есептеу аспаптарын таңдау, монтаждау және пайдалану қағида-ларына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 12111 болып тіркелген) сәйкес есепке алу құралдарын пайдалануға жіберуді жүзеге асырады.

19. Тұтастығы бұзылған, бастапқы тексеру туралы белері жоқ, тексеру мерзімі өткен есепке алу аспаптарын орнатуға және пайдалануға жол берілмейді.

20. Белгіленген тексеру мерзімі өткеннен кейін суды есепке алу аспабын техни-калық талаптарға сәйкес келмейтін ретінде коммерциялық есептен автоматты түрде алынады. Өнім беруші тексеру мерзімі аяқталғанға дейін 30 күн бұрын Тұтынушыны есепке алу аспабын кезекті мемлекеттік тексеруді жүргізу немесе оны ауыстыру қажеттігі туралы хабардар етеді.

21. Өнім беруші хабарлаған кезде кезекті тексеруге, жөндеуге немесе ауыстыруға байланысты есепке алу аспаптары уақытша болмаған жағдайда, сондай-ақ Тұтынушы-ның кінәсінен емес есепке алу аспабының ақаулығы анықталған кезде ұсынылған сумен жабдықтау қызметтерінің ұсынылған қызметтерінің көлемі аспаптардың бол-мауы кезеңінде есепке алу аспаптарының көрсеткіштеріне сәйкес алдыңғы үш айдағы орташа шығыс бойынша анықталады, бірақ бір айдан аспайтын мерзімде. Көрсетілген мерзім өткеннен кейін, есептеу аспаптары болмаған жағдайда, ұсынылған сумен жабдықтау қызметтерінің көлемі жеке тұлғалар үшін су тұтыну нормалары бойынша, заңды тұлғалар үшін осы Шарттың 5-тармағына сәйкес анықталады.

22. Патерде немесе жеке үйде орнатылған есепке алу аспаптарының сақталуын қамтамасыз ету Тұтынушыға жүктеледі. Өнім беруші есепке алу аспаптарын арнайы бөлінген үй-жайларға орнатқан кезде олардың сақталуына Өнім беруші теңгерімдік тиесілілігін тексеру актісіне және пайдалану жауапкершілігіне сәйкес жауапты болады.

23. Есепке алу аспаптарын белгісіз адамдар ұрпаған немесе сындырған жағдайда, олардың сақталуына жауапты адам, егер Тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, есепке алу аспаптарының ұрлануы немесе сынуды фактісі анықталған кезден бастап бір ай мерзімде есепке алу аспаптарын қалпына келтіруге міндетті. Өнім беруші есепке алу аспаптарын қалпына келтіру сәтіне дейін Тұтынушыны сумен жабдықтау желілеріне қосады.

24. Тұтынушыдан суды есепке алу схемасын бұзу, басқару тараптары мен есепке алу аспаптарында пломбаларды жұлып алу, есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін бұр-майтын құрылғыларды орнату фактілері анықталған кезде Тұтынушыға соңғы тексеру жүргізілген күннен бастап анықталған күнге дейін, бірақ екі айдан аспайтын мерзімде, түзіліпте 24 сағат ішінде жұмыс істеген кезде құбырдың басқару торабына дейінгі толық өткізу қабилеті есебінен суды пайдаланғаны үшін қайта есептеу жүргізіледі.

25. Бұзушылықтар анықталған жағдайда ұсынылған, сумен жабдықтау қызметтері көлемінің есебі Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2011 жылғы 26 қыркүйектегі № 354 бұй-рығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 7257 болып тіркелген) Сумен жабдықтау және су бұру жөнінде көрсетілген қызметтің көлемін есептеу әдістемесіне сәйкес жүргізіледі.

6-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

6.1. Тұтынушы:

1) Шарттың талаптарына сәйкес көлемде денсаулығына қауіпсіз, мүлкіне зиян келтірмейтін белгіленген сападағы қызметтерді алуға;

2) ағынды суларды рұқсат етілген жүктеме шегінде қажетті көлемде жіберуге;

3) Өнім берушіден қызметтерді есепке алу аспаптарын орнатуды талап етуге;

4) Өнім берушінің заңнамаға қайшы келетін іс-әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне уәкілетті органның ведомствосына және (немесе) сот тәртібімен шағымдануға;

5) көпшілік тыңдауларға қатысуға;

6) Қызметтерді тиісінше ұсынбау салдарынан өміріне, денсаулығына және (неме-се) мүлкіне келтірілген зиянды толық көлемде өтеуді, сондай-ақ моральдық зиянды өтеуді белгіленген тәртіппен талап етуге;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес кел-мейтін қызмет ұсынылған жағдайда көрсетілетін қызметтердің құнын қайта есептеуді талап етуге;

8) Егер Өнім беруші белгіленген тәртіппен шот қоймаған болса, алынған қызмет үшін төлем жасамауға;

9) көрсетілген қызметті ұсынуға Өнім берушімен шарт жасасу;

10) ұсынылған қызметке толық төлем жасаған жағдайда бір айдан кешіктірмей бұл ту-ралы Өнім берушінің жазбаша хабардар етіп, Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

27. Тұтынушы:

1) нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарына сәйкес өзіне меншік құқығымен немесе өзге де заңды негізде тиесілі және (немесе) оның пайдалану жау-апкершілігін шекарасында орналасқан сумен жабдықтау және су бұру желілері мен жабдыктарының пайдаланылуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

2) есепке алу құралдарының болуы және Өнім беруші ұсынған төлем құжатта-рының негізінде ұсынылған қызметтерге олардың көрсеткіштеріне сәйкес уақытылы және толық көлемде ақы төлеуге;

3) Өнім берушіге көрсетілетін қызметтерді пайдалану кезінде туындаған сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелерінің желілері мен құрылыстарының, өзіне меншік құқығымен немесе өзге де заңды негізде тиесілі және (немесе) оның пайдалану жауапкершілігі шекараларында орналасқан, орталықтандырылған сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйесінің жұмысына теріс әсер етуі және қоршаған ортаға зиян келтіруі мүмкін есепке алу аспаптарының жұмысындағы ақаулар туралы, ал сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелерінің желілері немесе құрылыстары бүлінген немесе, төтенше жағдайларын алдын алу және оларды жою жөніндегі жер-гілікті органдарға, санитарлық-эпидемиологиялық қызметке және қоршаған ортаны қорғау қызметіне де дереу хабарлауға;

4) есепке алу аспаптарының, есепке алу аспаптарындағы пломбалар мен тексеру белгілерінің, есепке алу тораптарындағы пломбаларды, айнама желінің ысырма-рындағы, оның пайдалану жауапкершілігі шекарасындағы өрт гидранттарындағы пломбалардың сақталуын, тиісті техникалық жай-күйін қамтамасыз етуге, көрсетілген үй-жайларды таза ұстауға, сондай-ақ су мен ағынды суларды есепке алу тораптары мен аспаптарына кіруге кедергі келтіретін заттарды, есепке алу аспаптарының көрсет-кіштерін бұрмалауы мүмкін механикалық, химиялық, электромагниттік немесе өзге де әсерлерді сақтауға жол бермеуге;

5) Өнім берушіні және мемлекеттік өртке қарсы қызметтің жергілікті органдарын өрт сөндіру гидранттарын олар бұзылған немесе оның су құбыры желілерінде авария туындаған жағдайларда пайдалану мүмкін еместігі туралы дереу хабардар етуге;

6) есепке алу аспаптарының барлық зақымданулары немесе ақаулары туралы, пломбалардың бүтіндігінің бұзылғандығы туралы Өнім берушіге дереу хабарлауға;

7) ағынды сулардың сынамаларын алу үшін, сондай-ақ берешегі болған жағдайда Тұтынушының желілерін ажырату үшін аумақта орналасқан немесе шаруашылық жүргізуіндегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің барлық элементтерінің көрсеткіштерін алу және жұмысқа қабылтітілігін тексеру, техникалық жай-күйін және қауіпсіздігін бақылау үшін Өнім беруші өкілдерінің есепке алу құралдарына кедергісіз кіруін қамтамасыз етуге;

8) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 шіл-дедегі № 546 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 11932 болып тіркелген) Елді мекендердің су бұру жүйелеріне ағынды суларды қабылдау қағидаларында көзделген жағдайларда ағынды суларды оқшау тазартуды қамтамасыз ету;

9) көрсетілетін қызметті тұтыну кезінде қауіпсіздік техникасы бойынша талап-тарды сақтауға;

10) орталықтандырылған су бұру жүйесінің жұмысына теріс әсерді болдырмау мақсатында белгіленген зиянды заттардың рұқсат етілген шоғырлануынан асатын ластануы бар ағынды суларды ағызғау жол бермеуге;

11) сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі ұйымның рұқсатынсыз өзге Тұтынушыларды сумен жабдықтаудың және (немесе) су бұрудың меншікті желілеріне қоспауға;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де талаптарды орындауға міндетті.

28. Өнім берушінің:

1) ұсынылған қызметтер үшін төлемді уақытылы және толық көлемде алуға;
2) уәкілетті орган бекіткен тәртіппен тарифтердің қолданылу кезеңінде барлық Тұтынушылар үшін ұсынылатын қызметтерге тарифтерді төмендетуге;

3) жеке шарт (келісім) бойынша пайдалану жауапкершілігі шегінде Тұтынушы-ның сумен жабдықтау және (немесе) су бұру желілері мен құрылыстарына техникалық қызмет көрсетуді және пайдалануды қамтамасыз етуге;

4) көрсетілетін қызметтерді тұтыну мен төлеуді бақылауды жүзеге асыруға;
5) тиісті лицензиясы болған кезде көрсетілетін қызметті есепке алу аспаптарының жұмыс қабылеттілігін тексеруді және салыстырып тексеруді жүргізуге құқылы.

29. Өнім беруші:

1) нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарына сәйкес өзіне меншік құқығымен немесе өзге де заңды негізде тиесілі және (немесе) оның пайдалану жа-уапкершілігі шекарасында орналасқан елді мекеннің сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін тиісінше пайдалануды қамтамасыз етуге;

2) санитарлық ережелерге (гигиеналық нормативтерге) сәйкес ауыз суды дайы-дауды және оны Тұтынушыға беруді қамтамасыз етуге;

3)

ЕЛОРДАЛЫҚ СОТТАР ШАХМАТТАН СЫНҒА ТҮСТІ



шахматтың жілігін шағып, майын ішкен 16 ойыншы суырылып шығып, шахматтық партияның 4 айналымында бақ сынады.

Білікті мамандардан жасақталған комиссия мүшелері финал нәтижесінде жүлделі орындарға қол жеткізген үздіктерді анықтады.

Шахмат турнирінің жеңімпаздары Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні мерекесіне арналған салтанатты іс-шарада марапатталды.

I орынды Нұр-Сұлтан қалалық мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы Берік Сәтбаев иеленді.

Персоналды басқару бөлімінің басшысы – Азамат Шойбеков II орынды алды.

III орынды Сарыарқа аудандық соты кеңсесінің сот приставы Ернар Ордабек қанжығасына байлады.

Нұр-Сұлтан қалалық сотының баспасөз қызметі

Нұр-Сұлтан қаласы соты және Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Судьялар Одағы филиалының ұйымдастыруымен елордалық соттардың арасында шахматтық турнир өткізілді.

Турнир Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орайластырылып ұйымдастырылды және мереке алдында өз мәресіне жетті.

Шахмат ойыны интеллектуалды қабілетті арттыратын ақыл-ой спортының бір түрі және әлемге танымал ойын екені баршамызға мәлім.

Сот қызметкерлері арасында спорттық ойын түрлерінен сайыстар ұйымдастыру ұжымдағы ауызбіршілікті нығайтуға, сайыскерлік рухты көтеруге және адамның бойындағы ойлау қабілетін шыңдауға бағытталады.

Елорда соттары арасында өткен сайысқа 30 ойыншы іріктеліп алынды. Ой жүйріктігін талап ететін дода шын

мәнінде тартысты өтті.

Сайыс олимпиадалық жүйе бойынша «Swiss Manager» компьютерлік жеребе тарту бағытымен жүргізілді.

Турнирдің финалы Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан Динара Садуақасованың Шахмат академиясының шахмат ойыны платформасында өтті.

Финал мәресіне



ЖАРНАМА

ӨРТУРЛІ

3. БҚО-ның жұмыспен камтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы «Шыңғырлау арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» КММ-сі Батыс Қазақстан облысы Әкімінің 2021 жылғы 18 қарашадағы № 237 қаулы негізінде, Азаматтық кодекстің 50-бабына сәйкес таратылатындығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылы, Достық к-сі, 16. Тел. 87113733433.

7. «Qazaqstan Marine Fuels» ЖШС, БСН 180340028779, «Qazaqstan Marine Fuels» АҚ болып қайта құрылатынын хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде: Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Сығанақ көшесі, 43 корпус, 8 кабинет мекенжайы бойынша қабылданады. Тел.87017673731.

8. «Галактикос Авто» ЖШС-і, БСН 171040039724, «ЕвроРемонтСервис» ЖШС-і, БСН 020140006085, ұйымдарына қосылу арқылы қайта құрылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар келесі мекенжай бойынша қабылданады:Шымкент қаласы, Қаратау ауд., Қайтпас-1 елді мекені, Айша Жұмабекова көшесі,62 үй.

9. «КазГрейн» ЖШС, БСН 090340002637, өзінің «Рубин 2015» ЖШС-не, БСН 150440027035, қосылу арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қарағанды қаласы, Складская көшесі, 10А үй. Тел.: +77074739146.

10. «Рубин 2015» ЖШС, БСН 150440027035, өзіне «КазГрейн» ЖШС-нің, БСН 090340002637, қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қарағанды қаласы, Складская көшесі, 10А үй. Тел.: +77074739146.

15. Атырау қалалық сотымен 2021 жылғы 3 қарашада арызданушы Максұт Жуланович Еремановтың 1975 жылы 11 қарашада туылған Марат Жуланович Еремановты, қайтыс болды деп жариялау туралы азаматтық іс қозғалды. 1975 жылғы 11 қарашада туылған Марат Жуланович Еремановтың жүрген жерін білетін адамдарға Атырау қаласы, Сәтпаев көшесі, 3 ғимаратта орналасқан Атырау қалалық сотына осы жарияланым берілген күннен бастап үш ай мерзімде хабарласу қажет.

17. Нұр-Сұлтан қаласы МАЭС-ның 25.11.2021 ж. ұйғарымымен «Ақжол-ТН» ЖШС-не (БСН 970740000174) қатысты оналту рәсімдерін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды. Мекенжайы: ҚР, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, ФАХД БЕН АБДУЛЛ АЗИЗ көшесі, 27А үй.

16. Семей қалалық сотына азаматша Михайлова Анна Владимировнадан 1968 жылғы 30 наурызда туған, бұрын Шығыс-Қазақстан облысы, Семей қаласы, Титов көшесі, 140 үй, 31 пәтер мекенжайы бойынша тұрған ағасы Ермаков Сергей Сергеевичті хабарсыз кеткен деп жариялау туралы өтініші келіп түсті. Ермаков Сергей Сергеевичтің мекендеген жері туралы мәліметтері бар адамдарға бұл туралы жарияланған күннен бастап үш айлық мерзімде мына мекенжай бойынша Семей қалалық сотына хабарлауды сұраймыз: Семей қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 22 ғимарат.Тел.(87222)601009.

18. «DarLogisticGroup» ЖШС жарғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Несиегерлердің талап-шағымдары жазбаша түрде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Республика алаңы, 13, тел.: 8(727)334-03-61.

ТАРАТУ

2. «Like-Doha» ЖШС-ның (БСН 190840012059) жабылуына байланысты алыс-берісі бар мекемелер, жеке азаматтар хабарландыру газетке жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде хабарласуына болады. Өтініштер Маңғыстау обл. Бейнеу ауданы, Бейнеу селосы, Маметова көшесі, 18 үйде қабылданады.

5. «Карнак» ауылдық тұтыну кооперативі БСН 041240012961 28.02.2021 бастап қызметі толықтай тоқтатылады. Талап тілектер 2 ай мерзім ішінде ОҚО, Кентау қаласы, Қаранак ауылы, Тельман н/м үйде қабылданады. Шаруа қожалық мүшелері. Тел.87054260030, 87081474550.

11.«ХОРГОС STAR» ЖШС, БСН 161240006496 (Қорғас ауылы, Пограничная көшесі, 43 үй), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Чкалов көшесі, 28. Тел.: 87475111444.

12. «Fortune Financial Service Limited» ЖШС, БСН 170440017150 («Хоргос» ХШӨО, Пограничная көшесі, 43 үй), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Чкалов көшесі, 28. Тел.: 87475111444.

БАЙҚАУ! БАЙҚАУ! БАЙҚАУ!



«ЗАҢ» Медиа-корпорациясының» детектив шығармалар бәйгесін ұйымдастырып келе жатқанына биыл төртінші жыл. Осы төрт жыл ішінде қаншама шытырман шығарма дүниеге келді, талай қаламы жүйрік жан детектив жанрында керемет дүниелер тудырды. Бұл біздің байқаудың жеңісі.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығымен тұспа-тұс келген биылғы байқауға ТҮРКІСТАН ОБЛЫСТЫҚ СОТЫ қолдау көрсетіп отыр. Шілде айынан бастау алған додаға қатысуға ниет білдірушілер биыл ерекше көп. Әсіресе, соңғы аптада шығармасын жолдаушылар легі тіпті артты. Олардың көпшілігі оқырманға жетіп үлгермеді. Сондықтан редакция қоржынына түскен шығармаларды желтоқсанның 10-ына дейін газетте, сайтымызда жариялап, оқырманмен таныстыруды жөн деп шештік. Осы аралықта «Заң газетінде» жарық көрген, zanmedia.kz сайтында жарияланған шығармаларға қатысты пікірлеріңізді жолдауға мүмкіндік бар. Байқау жеңімпаздарын марапаттау уақыты нақтыланып, қосымша хабарланады.

**КЕМЕЛ ТОҚАЕВТЫҢ ІЗІН ЖАЛҒАҒАН ҮЗДІКТЕРДІ
БІРГЕ ТАҢДАЙЫҚ, ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!**

МҰРАҒЕРЛІК

6. 2021 жылы қайтыс болған Қуанов Жумагелды Сагаденовичтің артынан мұралық іс ашылды. Барлық мұрагерлер мұраны қабылдау үшін Атырау қаласы, Авангард 3 мөлтек ауданы, 75 үй, 5 кенсе нотариус А.А. Амандықоваға хабарласуларын сұраймын.

14.28.08.2021 ж. қайтыс болған Умирбеков Убайданың артынан мүлкіне мұралық іс ашылды. Мұрагерлер нотариус Д.И.Калабаевқа хабарласуды сұраймыз: Тараз қаласы, Мынбулак ықшам ауданы, 31-31. Тел.87017800847.

ҚОЛАЙЛЫ, ТЕЗ ӘРІ АРЗАН



«ЗАҢ ГАЗЕТІ» ЖӘНЕ «ЮРИДИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА» БАСЫЛЫМДАРЫНА хабарламаларды енді біздің zanreklama.kz сайтымыз арқылы беруге болады. Қазақстанның кез келген түкпірінен, құжаттар саны өте аз.

**Барлық сұрақтар бойынша:
87089299874 (Аян)**

ДҮНГІРШЕКТЕРДЕ САТЫЛЫМДА

«Заң газеті» және «Юридическая газета» басылымдары енді «Караван-Престіж» Алматы қаласындағы 64 дүңгіршегінде сатылымда болады. Дүңгіршектердің мекенжайларын ғаламтордан табуға болады.



Нұр-Сұлтан қаласында газеттерді «Алты Алаш» сауда нүктелерінен таба аласыз. Тел.: 87015728847.

• • • • •

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetysaiy.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кенсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.

Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ.,К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы,Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ.,К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ.,Желтоқсан көшесі,18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы),Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ.,Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8,«Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru,Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ.,ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы,Теле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772265606.

